

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ

IX СВОД ПАМЯТНИКОВ



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
КАЗТАЛОВ АУДАНЫ

IX

КАЗТАЛОВСКИЙ РАЙОН
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

КАЗТАЛОВ АУДАНЫ

IX

ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

КАЗТАЛОВСКИЙ РАЙОН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының
А.Х.Марғұлан атындағы археология институты

Орал - Уральск, 2008

ББК 63,4
Б 27

Жалпы редакциясын басқарған / Под общей редакцией
тарих ғылымының докторы, профессор
М.Н.СДЫКОВ

Б 27. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және
табиғат мұралары ескерткіштері / Памятники природного и
историко-культурного наследия Западно-Казахстанской
области. – в 14 т. Уральск, 2008 - Т 9. Казталов ауданы /
Казталовский район – 236 б.

П
ISBN 978-601-7104-25-2

Авторлық ұжым / Авторский коллектив:

М.Н.Сдықов
А.А.Бисембаев
С.Ю.Гүцалов
А.А.Джубанов
С.К.Рамазанов
Т.Т. Жусупкалиев
Р.С.Мерғалиев
Д.В.Марыксин
Г.З. Аманғалиев
Е.Е. Орынбасаров
У.А. Утепбаев - ответственный за выпуск

ББК 63,4

П 0504000000
00(05)-08

ISBN 978-601-7104-25-2

© Батыс Қазақстан облыстық тарих
және археология орталығы, 2008

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томды ғылыми басылым / Научное издание в 14 томах



Шыңғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
Қаратөбе ауданы	III	Каратобинский район
Берлі ауданы	IV	Бурлинский район
Тасқала ауданы	V	Таскалинский район
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
Ақжайық ауданы	VII	Акжайикский район
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
КАЗТАЛОВКА АУДАНЫ	IX	КАЗТАЛОВСКИЙ РАЙОН
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бөкейорда ауданы	XI	Букейординский район
Зеленов ауданы	XII	Зеленовский район
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

Отдел археологии ИИАЭ
АРХИВ
Инв. № 1328

3228



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
I бөлім. Табиғат мұрасы	21
1.1. Табиғаты	23
1.2. Ландшафты әртүрлілігі	65
1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері	72
1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары	76
II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы	82
2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама	84
2.2. Археологиялық ескерткіштер	92
2.3. Қазіргі кезеңдегі тарих және мәдениет ескерткіштері.	114

Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер
- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті нысандар

СОДЕРЖАНИЕ

Введение	13
Глава I. Природное наследие	117
1.1. Природная среда	119
1.2. Ландшафтное разнообразие	160
1.3. Памятники природного наследия	167
1.4. Рекреационные природные ресурсы	171
Глава II. Историко-культурное наследие	177
2.1. Характеристика памятников археологии	179
2.2. Археологические памятники	186
2.3. Современные памятники истории и культуры	206
Сведения об авторах	209

Приложения

- Памятники природного наследия
- Археологические памятники и находки
- Историко-архитектурные и монументальные памятники

Кіріспе

Өткеннің мұраларын зерттеп, сақтау Қазақстан Республикасының рухани және ғылыми өмірінің басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселені Қазақстан қоғамының толыққанды әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуының неғұрлым маңызды және өзекжарды проблемаларының қатарына жатқызды. Президент бұл мәселенің тек ғылыми жағын ғана айтып қоймай, сонымен қатар мәдени мұралардың азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі айрықша маңызын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы жұмыс мәселенің бұлай қойылуының дер кезінде қолға алынған, өмірлік қажеттілік екендігін көрсетті. істің жағдайын талдау жұмыс ауқымының аса үлкен, көптеген жақтары іс жүзінде жаңа ғана зерттеле бастағандығын көрсетті. Сол себепті мәдени мұраларды анықтап, зерттеп, сақтау Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің басты бағыттарының біріне айналды.

Алай да үш жыл бойғы қарқынды жұмыс мәдени мұраның зерттелу жағдайын, мәлім болған материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің бастапқы жағдайын талдауды қатаң талап ететіндігін көрсетті. Демек, облыс бойынша барлық ескерткіштердің нақты жиынтығын тауып, анықтауды қажетсінді. Көшпелі мәдениеттің шаруашылық – экономикалық дамуының ерекшеліктері бізді мәдени даму деңгейінің табиғи тұрпаттан ажырағысыз дүние екендігін түсінуге жетеледі. Сол себепті тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бір мезгілде біз табиғи мұраларды оның барлық жақтарымен қоса нақтылау жұмысын бастадық.

2002 жылдан бастап орталық облыстың тарихи және мәдени мұраларын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыс әрбір аудан мен облыс орталығы Орал

қаласына дербес том болып арналған “ Батыс Қазақстан облысының табиғи және тарихи – мәдени мұраларының ескерткіштері” атты осы ұжымдық жинақта іс жүзіндегі шынайы көрінісін табады. Басылым біткеннен кейін облыс бойынша тұтас талдау жұмысы шығарылады. Мұндай қадам авторлардың ойынша материалдық және рухани мәдениет пен тамаша табиғи нысандарды неғұрлым толық қамтитындығына кепілдік береді. Әрбір том белгілі бір ауданның халық игілігіне айналған құндылыққа ие болатын неғұрлым ірі тарих пен мәдениет ескерткіштерін қамтиды.

Басылымды әзірлеуге Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері, жергілікті ғалымдар, сонымен қатар Алматы мен Ақтөбенің мамандары қатысты. Біз Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен және Ш.Уәлиханов атындағы (Алматы) тарих және этнология институтымен, сондай – ақ Ресей ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің далалық Институтымен(Орынбор) белсенді қарым – қатынастамыз.

Бұл том біріктіру арқылы Жалпақтал ауданымен қосылып қазіргі кезде облыстың ірі аудандарының бірі болып отырған Казталовка ауданына арналған. Тарихы бай, бірақ әбден зерттеліп болмаған. Аудан тұрғындары облысымыздың мәдени өмірінің дамуына зор үлес қосып келеді. Сонымен қатар ауданның осы басылымда қамтылғандай өзіндік табиғи сипаттамасы бар.

Ауданды қазіргі заманға сай жасақтаудың бастауы Ресей отаршыл әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерлеріне бастапқы әкімшілік – аумақтық реформалау жүргізу кезеңіне жатқызылады.

Қазақстанды әкімшілік – аумақтық жағынан орналастыру реформаларының мақсаты Ресей империясының әдеттегі даланы басқаруға қолайлы әдістерін енгізуді көздеуден туындады. Сол себепті 1867 – 1868 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс, соның ішінде Орал облысы құрылып, 4 уезге бөлінді. Уезден өз кезегінде болыстықтарға бөлініп, олардың әрқайсысы бірнеше ауылдарға бірікті. 1891 жылғы Ереже бойынша болыстықтардың аумақтарын өзгерту құқығы облыстық басқарма құзіретінде болды. Сол себепті болыс

аумақтары айтарлықтай жиі өзгертілді. Уездер мен облыстардың аумақтары Ресей ішкі істер Министрлігінің шешімімен ғана бекітілді.

Қазіргі Казталовка ауданының жерлері 1801 жылы құрылған Бөкей Ордасының құрамына кірді. 1876 жылы Бөкей Ордасы аумағы Астрахань губерниясының құрамына қосылып, 7 уезге: Қалмақ, Қамыс – Самар, Нарын, Талов және 1, 2 Теңіз жағалауы (Приморье) округтеріне бөлінді. Сол кезде карталарда болашақ ауданның әкімшілік атауы – Талов округі пайда болады.

Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауданын жасақтау процесі Кеңес өкіметі жағдайында қоғамда жүзеге асырылған әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің нәтижесінде жүзеге асты. Жаңа билік аудан картасын бірнеше қайтара қайта пішімдеді. Бірақ тұтастай алғанда қалыптасқан тарихи дәстүрлерді ескерді және сақтады. Әкімшілік жасақтау процестері 1920 – 30 жылдарда неғұрлым белсенді жүргізілді.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің декретімен Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, оның құрамына сол кезде 4 уезден – Орал, ілбішін, Темір және Гурьев уездерінен тұратын Орал облысы кірді. 1920 жылы Астрахань губерниясының құрамынан Бөкей Орда аумағы бөлініп шығып, жаңадан Бөкей губерниясы құрылды.

Бөкей губерниясы 1925 жылға дейін өмір сүрді. Оның құрамындағы ең ірі уездердің бірі Талов уезі болып, бастапқыда 18 болысты біріктірді. Олар - *№1 – 8 санды болыстықтар, сондай ақ Жақсыбай, Жаргенші, Ешкісай, Қажол, Марсун, орталығы Тіленші сай мекені болған Талов, Қайырлы, Алға және орталығы Таловка ауылында орналасқан Бостандық болыстықтары болды.*

1921 жылы қаңтарда сандық номерлі болыстықтар таратылып, олардың жерлері көрші болыстықтарға берілді. 1923 жылы Алға және Жаргенші болыстықтары орталығы Таловка ауылындағы Бостандық болыстығына; Ешкісай мен

Марсун – Жақсыбай болыстығына; Қажол мен Қайырлы болыстықтары – орталығы Тіленші сай мекені болған Талов болыстығына қосылды. Орталығы Сламихин кентіндегі *Сламихин болыстығы* 1924 жылы Жымпиты уезінен Талов уезінің құрамына берілді. 1925 жылы біріктірулердің нәтижесінде Талов уезінің құрамында 5 болыстық: *Бостандық, Жақсыбай, Сламихин, Жігер және Талов* болыстықтары қалады.

1925 жылы 18 мамырда Бөкей мен Орал губерниялары біріктірілуімен біртұтас Бөкей уезі құрылды. Талов уезі таратылып, барлық 5 болыстық та Бөкей уезінің құрамына кірді. 1928 жылғы 3 қыркүйекте РКФСР БОАК Төралқасы Қазақ АКСР жаңа аудандастырылуын бекітті. 1 автономиялық облыс 6 губерния, 2 округ, 31 уез және 411 болыстықтың орнына Қазақстанда 13 округ пен 180 аудан құрылды.

Орал губерниясы жойылды (БОАК 03.08.1928 жылғы қаулысымен бекітілді). Губернияның уездері мен болыстықтарынан Гурьев және Орал округтерінің аудандары құрылды. Орал округінің құрамында Талов ауданы құрылып, оған бұрынғы Талов уезінің болыстықтары кірді. Сөйтіп, нақ осы шешім Казталовка (*1934 жылға дейін ескі – Талов атауы сақталынып келді*) ауданын дербес әкімшілік – аумақтық бірлік ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. (БОАК 2.09.1928 жылғы қаулысы)

Округтер мен аудандардың құрылуы белгілі бір кезеңдерде оң маңыз атқарды. Өз кезегінде губерниялық жүйенің орнына енгізілген округтік жүйе кеңестік аппарат жұмысын айтарлықтай жақсартып, басшылықты жергілікті мүделерге жақындатуға көмектесті.

Келесі реформа 1932 жылы жүргізілді. Енді әкімшілік – аумақтық жүйенің негізгі звеносы облыс болды. Округтер таратылып, аудандар ірілендірілді.

1932 жылғы ақпан айында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің VIII шақырылған екінші сессиясы Қазақстан аумағында Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан. Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары құрылғандығын мәлім етті.

Батыс Қазақстан облысының құрамында 1932 жылы 14

аудан құрылып, кейін оның саны 27 – ге дейін көбейтілді. Талов ауданы өзінің аумағындағы: *Ақоба, Таловка, Сламихин, Балықшы, Қарақоға, Бірік, Бостандық, Талап, Әбіш, Казталовка, Еңбекші* ауылдық округтерін сақтап қалды. Бастапқыда аудан орталығы Сламихин кенті, сосын Таловка кенті (1934 жылы Казталовка болып қайта аталды) болды. 1935 жылы Талов ауданынан жаңа екі аудан – Казталовка және Фурманов (бұрынғы Сламихин) аудандары құрылды. 1997 жылы қайтадан біріктірілгенге дейін аудандар дербес әкімшілік – аумақтық бірлік ретінде болып келді.

Казталовка ауданы. 1934 жылы 19 қаңтарда Талов ауданының орталығы Сламихин кентінен Казталовка кентіне көшіріліп, осы кезден бастап ауданның ресми атауы – Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауданы болды. Осымен реформалаудың соғысқа дейінгі процесі аяқталып, 1941 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс құрамына 15 аудан кірді. Казталовка ауданы өзінің құрамында 10 ауылдық кеңес болды.

1954 жылы облыста көптеген ұжымдық шаруашылықтар біріктіріліп, селолық және ауылдық кеңестердің шекараларын өзгертуге қажеттілік туындады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1954 жылғы 11 тамыздағы Жарлығы бойынша Батыс Қазақстан облысындағы селолық және ауылдық кеңестердің әкімшілік – аумақтық бөлінісіне Казталовка ауданына қатысты мынадай өзгерістер енгізілді.

- Ақоба мен Миронов а/к бір ғана Миронов ауылдық кеңесіне біріктірілді;

- Орыс Таловкасы мен Березов а/к бір ғана Березов а/к кеңесіне біріктірілді;

- Шилі мен Талап а/к бір ғана Талап ауылдық кеңесіне біріктірілді;

- Құсарал мен Бостандық а/к бір ғана Бостандық а/к кеңесіне біріктірілді;

- Беспішен мен Бірік а/к бір ғана Миронов ауылдық кеңесіне біріктірілді.

Жалпақтал ауданы. Жалпақтал ауданының қалыптасуы ұзаққа созылған тарихи кезеңді өткерді. ХІХ ғасырдағы отаршылдық биліктің әкімшілік реформалары нәтижесінде -

Сламихин, Глиенск, Калмыков, Жаңақала және басқа бірқатар болыстықтар құрылып, олардың жерлері кейін Жалпақтал ауданын құрайды. Болыстықтар ман уездер шекараларының жиі өзгерістері патшалық Ресей тұсында 1917 жылға дейін жалғасты.

Кеңес үкіметі жағдайында Жалпақтал ауданының аумағы Сламихин және басқа болыстықтар шеңберінде 1923 жылға дейін Орал губерниясының Калмыков уезінің құрамында болды. 1923 жылы Калмыков уезінің таратылуына байланысты бұл болыстықтар Жымпиты уезіне беріледі. 1924 жылы 13 наурызда Сламихин болыстығы Бөкей губерниясының Талов уезіне жатқызылады. 1925 жылға дейін Сламихин болыстығы оған көршілес болыстықтардың қосылуы есебінен ірілендіріліп, нәтижесінде 1925 жылы Талов уезінде 18 болыстықтан 5 болыстық құралады.

1925 жылы Орал және Бөкей губерниялары біртұтас Орал губерниясына біріктірілгеннен кейін Бөкей уезі құрылып, ол 27 болыстықтың тұрады және жаңа губернияның оңтүстік – батыс бөлігі жерлерінің ауқымды аумағын біріктіреді.

1928 жылы Орал губерниясы таратылып, оның уездік – болыстық құрамынан екі округ: Орал мен Гурьев округтері құрылады. Сонда Сламихин болыстығы мен Глиенск болыстығының бір бөлігіне қарасты жерлерден орталығы Сламихин кентіндегі Сламихин ауданы құрылып шығады. Сөйтіп, Қазақ АКСР құрамындағы дербес әкімшілік – аумақтық нысан ретінде 1928 жылы Жалпақтал ауданы құрылады.

1930 жылы округтердің жойылуына байланысты Қазақстанда аудандық бөліністер енгізілді. Республикада жаңадан құрылған аудандарды қосқанда барлығы 121 аудан болады. Талов және Сламихин аудандары орталығы Сламихин кентінде орналасқан бірыңғай Талов ауданын құрайды.

1932 жылы облыстық бөліністер енгізіліп, Батыс Қазақстан облысы құрылды. 1935 жылы БОАК қаулысымен облыстың жаңа аудандастырылуы жүргізілді. Нәтижесінде жаңадан 4 әкімшілік аудан: Бөрлі (21 ауылдық округтің жерін біріктірген), Қаратөбе (14 а/к), Приурал (16 а/к) және

құрамында: *Сламихин, Балықты, Қараөзен, Талдықұдық, Қисық – Қамыс, Теңдік, Қарасу, Көктерек, Төртпішен, Буденный* небәрі 10 ауылдық кеңесі бар орталығы Сламихин кентіндегі Сламихин аудандары құрылды.

1936 жылы 9 ақпанда Сламихин ауданы **Фурманов**, ал Сламихин кенті - **Фурманов** кенті болып қайта аталды.

ҚКСР ОАК Төралқасының 1938 жылғы 5 ақпандағы “Қазақ КСР – інің аудандық - әкімшілік – аумақтық бөлінісі туралы” қаулысы бойынша Батыс Қазақстан облысының жаңа әкімшілік – аумақтық құрылымы бекітіліп, облыс орталығы – Орал қаласы, және аудандары: Бөрлі, Жымпиты, Жаңақала, Жәнібек, Казталовка, Камен, Қаратөбе, ілбішін, Приурал, Тайпак, Теректі, Орда. **Фурманов** және Шыңғырлау болып белгіленді.

1993 жылы халықтың сұрауы бойынша Фурманов ауданы Жалпақтал, ал аудан орталығы Фурманов кенті – Жалпақтал кенті болып қайта аталды.

Келесі реформа енді тәуелсіз Қазақстан жағдайында жүзеге асырылды. Мемлекеттің әкімшілік – аумақтық бөлінісін оңтайландырудың нәтижесінде бірқатар аудандардың шекаралары мен атаулары өзгертілді. 1997 жылғы 1 маусымда Батыс Қазақстан облысында екі аудан – Казталовка және **Жалпақтал (бұрынғы Фурманов)** аудандары біріктірілді. Сөйтіп, Жалпақтал ауданының жерлері Казталовка ауданының құрамына беріліп, жаңа құрылымның орталығы Казталовка ауданы болды.

Қазіргі Казталовка ауданы (аудан орталығы Казталовка) облыстың орталық бөлігінде орналасып, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек, Бөкейорда, Жаңақала, Тасқала және Ақжайық аудандарымен, сондай – ақ Ресей Федерациясының Саратов облысындағы Александров – Гай аудандарымен шектеседі.

Ауданның тарихи қалыптасқан халқы қазақтар болып табылады.

* * *

Изучение и сохранение культурного наследия стало одним из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А.Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль культурного наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы “Культурное наследие” показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел показал наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало одним из основных направлений деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении трех лет показала, что состояние изученности культурного наследия действительно требует первоначального обобщения имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании “Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области”, в

котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет выпущена обобщающая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов. Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

В подготовке издания принимают участие научные сотрудники Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии, а также специалисты из Алматы и Актюбинска. Мы активно сотрудничаем с Институтом археологии им. Маргулана и Институтом истории и этнологии им. Ш.Валиханова (Алматы), а также с Институтом степи Уральского Отделения РАН (Оренбург).

Данный том посвящен Казталовскому району, который был образован путем объединения с Жалпакталским районом, и поэтому сейчас является одним из крупных районов области. История богата, но до конца неисследованная. Жители района внесли свой огромный вклад в развитие культурной жизни нашего общества. Вместе с тем, район имеет своеобразную природную характеристику, которая отражена в данном издании.

Начало современного оформления района можно отнести к периоду проведения первых административно – территориальных реформ казахских земель колониальной администрацией России во второй половине XIX века.

Известно, что данные реформы по обустройству Казахстана преследовали цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому в 1867-68 годы на территории Казахстана было образовано 6 областей, в том числе и Уральская, которая была разделена на 4 уезда. Уезды в свою очередь делились на волости, каждая из которых объединяла несколько десятков аулов. По положению 1891

года право изменения границ волостей принадлежало областному правлению, поэтому территория волостей изменялось довольно часто. Границы уездов и областей утверждались только решением Министерства внутренних дел России.

Земли современного Казталовского района, входили в состав Букеевской Орды, которая была образована в 1801 году. В 1876 году территория Букеевской Орды была присоединена к Астраханской губернии и разделена на 7 частей: Калмыцкую, Камыш-Самарскую, Нарынскую, Таловскую, Торгунскую, 1 и 2 Приморские округа. Тогда впервые на картах появляется административное название будущего района – Таловский округ.

Процесс оформления Казталовского района Западно-Казахстанской области происходил в результате социально-экономических, политических и культурных преобразований, произошедших в обществе в условиях Советской власти. Новая власть без конца перекраивала карту района, но в целом учитывала и сохранила сложившиеся исторические традиции. Наиболее интенсивно процесс административного оформления происходил в 1920-30 годах.

26 августа 1920 года декретом ВЦИК и СНК РСФСР была образована Киргизская (Казахская) АССР, в состав которой вошла и Уральская область, состоявшая тогда из 4 уездов - Уральского, Лбищенского, Темирского и Гурьевского. В том же 1920 году из состава Астраханской губернии была выделена территория Букеевской Орды и образована новая Букеевская губерния.

Букеевская губерния просуществовала до 1925 года. В ее составе одним из крупных уездов был Таловский уезд, который объединял первоначально 18 волостей. Это были - *номерные волости под № 1- 8, а также Жаксыбаевская, Жаргеншинская, Икшейская, Кажольская, Марсунская, Таловская с центром в урочище Тленши-Сай, Хаирлинская, Алгинская и Бастандыкская с центром в селе Таловка.*

В январе 1921 года номерные волости были ликвидированы и их земли переданы существующим

соседним волостям. В 1923 году Алгинская и Жаргеншинская волости были присоединены к Бостандыкской волости с центром в селе Таловка; Икшейская и Марсунская – к Жаксыбаевской волости; Кажольская и Хаирлинская – к Таловской волости с центром в урочище Тленши-Сай. *Сламихинская волость с центром в поселке Сламихин будет передана из Джамбейтинского уезда в состав Таловского уезда в 1924 году. К 1925 году в результате объединений в составе Таловского уезда останутся 5 волостей: Бостандыкская, Жаксыбаевская, Сламихинская, Жигерская и Таловская.*

18 мая 1925 года с объединением Букеевской и Уральской губерний будет образован единый Букеевский уезд. Таловский уезд будет ликвидирован и все 5 волостей войдут в состав Букеевского уезда.

Следующая крупная административно-территориальная реорганизация в Казахстане была проведена в 1928 году. 3 сентября 1928 года Президиум ВЦИК РСФСР утвердил новое районирование республики. Вместо 1 автономной области, 6 губернии, 2 округов, 31 уезда и 411 волостей в Казахстане было создано 13 округов и 180 районов.

Уральская губерния была ликвидирована (Утверждено ВЦИК от 03.08.1928г). Из уездов и волостей губернии образованы районы Гурьевского и Уральского округов. В составе Уральского округа был образован Таловский район, куда вошли земли бывших волостей Таловского уезда. Таким образом, именно это решение дает отсчет истории Казталовского (*до 1934 года сохранял старое название – Таловский*) района как самостоятельной административно-территориальной единицы. (Постановление ВЦИК от 2.09.1928 г.)

Образование округов и районов на определенном этапе сыграло положительную роль. Окружная система, введенная в свое время взамен губернской системы, значительно улучшила работу советского аппарата, помогла приблизить руководство к интересам местности.

Следующая реформа была проведена в 1932 году. Теперь основным звеном административно –

территориальной системы стала область. Округа были ликвидированы, а районы укрупнены.


Вторая сессия КазЦИК VIII созыва в феврале 1932 года установила, что на территории Казахстана создаются: Актюбинская, Алма-Атинская, Восточно-Казахстанская, Западно-Казахстанская и Южно-Казахстанская области.

В составе Западно – Казахстанской области было образовано в 1932 году 14 районов, впоследствии их количество увеличилось до 27. Таловский район сохранил в основном свою территорию в составе сельских советов: *Ақоба, Таловка, Сламихин, Балыкши, Каракога, Бирик, Бостандык, Талап, Абиш, Казталовка, Енбекши.* Первоначально центром района был поселок Сламихин, а затем – поселок Таловка. (в 1934 году переименован в Казталовку). В 1935 году из Таловского района будут образованы два новых района – Казталовский и Фурмановский (бывший Сламихинский). До последующего объединения в 1997 году районы будут функционировать как самостоятельные административно – территориальные образования.

Казталовский район. 19 января 1934 года центр Таловского района из поселка Сламихино был перенесен в поселок Казталовка и с этого времени официальное название района стало – Казталовский район Западно-Казахстанской области. На этом процесс реформирования в довоенный период был завершен, и по состоянию на 1 января 1941 года в область входили 15 районов. Казталовский район имел в своем составе 10 сельских советов.

В 1954 году в связи с тем, что в области многие колхозы были объединены, возникла необходимость изменении границ сельских и аульных советов. По Указу Верховного Совета Казахской ССР от 11 августа 1954 года в административно-территориальное деление сельских и аульных советов ЗКО произошли следующие изменения, которые коснулись и Казталовского района:

-Ак-Убинский и Мироновский объединены в один Мироновский с/с;



-Русско-Таловский и Березовский в один Березовский с/с;

-Шилинский и Талапский в один Талапский с/с;

-Кус-Аральский и Бостандыкский аул/совет в один Бостандыкский;

-Беспшенский и Бирикский аул/совет в один Бирикский;

Жалпакталский район. Образование Жалпакталского района происходило в течении длительного исторического периода. В XIX веке в результате административных реформ колониальных властей будут образованы ряд волостей – Сламихинская, Глиненская, Калмыковская, Жангалинская и др., земли которых впоследствии образуют Жалпакталский район. Частые изменения границ волостей и уездов в царской России продолжались вплоть до 1917 года.

В условиях Советской власти территория Жалпакталского района в рамках Сламихинской и ряда других волостей до 1923 года будет в составе Калмыковского уезда Уральской губернии. С ликвидацией Калмыковского уезда в 1923 году эти волости будут переданы Джамбейтинскому уезду. 13 марта 1924 года Сламихинская волость будет перечислена в состав Таловского уезда Букеевской губернии. До 1925 года произойдет укрупнение Сламихинской волости за счет присоединения к ней соседних волостей, в результате чего к 1925 году в Таловском уезде из 18 волостей образуется 5.

В 1925 году после объединения Уральской и Букеевской губерний в единую Уральскую губернию будет образован Букеевский уезд, который будет состоять из 27 волостей и объединит огромный массив земель юго – западной части новой губернии.

В 1928 году Уральская губерния будет ликвидирована, а из ее уездно – волостного состава будут образованы два округа: Уральский и Гурьевский. Тогда и будет образован Сламихинский район с центром в поселке Сламихин из земель собственно Сламихинской волости и части Глиненской волости. Таким образом, как самостоятельный

административно – территориальный субъект в рамках Казахской АССР Жалпакталский район будет образован в 1928 году.

В 1930 году с ликвидацией округов в Казахстане будет введено районное деление. Всего в республике вместе с вновь образованными районами будет 121 район. Таловский и Сламихинский районы образуют единый Таловский район с центром в поселке Сламихин.

В 1932 году было введено областное деление и образована Западно – Казахстанская область. В 1935 году постановлением ВЦИК было произведено новое районирование области. В результате чего образовано 4 новых административных района: Бурлинский (объединяющий земли 21 сельского совета), Каратобинский (14 с/с), Приуральный (12 с/с) и Сламихинский с центром п. Сламихино в составе 10 сельсоветов: *Сламихинского, Балтыктинского, Караузинского, Талдыкудукского, Кысык – Камышского, Тендыкского, Карасуского, Коктерекского, Тортишекского, Буденовского.*

9 февраля 1936 года Сламихинский район был переименован в Фурмановский, а п.Сламихин - в п.Фурманово.

5 февраля 1938 года постановлением Президиума ЦИК КССР "О районно – административно – территориальном делении Казахской ССР" будет утверждена новая административно – территориальная структура Западно-Казахстанской области: областной центр - г. Уральск и следующие районы: Бурлинский, Джамбейтинский, Джангалинский, Джаныбекский, Казталовский, Каменский, Каратобинский, Лбищенский, Приуральный, Тайпакский, Теректинский, Урдинский, Фурмановский и Чингирлауский.

В 1993 году по просьбе населения Фурмановский район был переименован в Жалпакталский, а районный центр п. Фурманово - в п. Жалпактал.

Следующая реформа произошла уже в рамках суверенного Казахстана. В результате оптимизации административно-территориального деления государства изменились границы и наименования ряда районов. 1 июля

1997 года в Западно – Казахстанской области произошло объединение двух районов - Казталовского и Жалпакталского (бывшего Фурмановского). Причем, земли Жалпакталского района вошли в состав Казталовского, а центром нового образования стал поселок Казталовка.

Современный Казталовский район (районный центр Казталовка) находится в центральной части области, граничит с районами - Жанибекским, Бокейординским, Жангалинским, Таскалинским и Акжаикским районами ЗКО, а также с Александров-Гайским районом Саратовской области Российской Федерации.

Основным исторически сложившимся населением района являются казахи.

М.Н. Сдыков
тарих ғылымдарының докторы,
профессор.



ТАБИҒАТ МҰРАСЫ



КАЗТАЛОВ АУДАНЫНЫҢ ҚАРТАСЫ



БІРІНШІ БӨЛІМ ТАБИФАТ МҰРАСЫ

1.1. Табиғаты

Казталовка ауданы 18,6 мың шаршы километр аумақты алып жатыр. Ол облыстың батысында орналасқан. Солтүстік – батысында Ресей Федерациясымен, солтүстігінде Батыс Қазақстан облысының Тасқала, шығысында Ақжайық, оңтүстік – шығысында Жаңақала, оңтүстігінде Бөкей Орда аудандарымен шектеседі. Аудан орталығы – Казталовка (Қазақ Таловкасы) кенті.

Тектоникалық және геологиялық құрылымы. Казталовка ауданы Батыс Қазақстан облысының шегінде аумағы жағынан оның ең жас, уақыты жағынан теңіз суларынан түпкілікті босаған терең Каспий маңы тектоникалық ойысының шегіндегі жер бедерімен – Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігінің үлкен бөлігімен байланысты болып келеді. Қараоба ауылынан тек батысқа қарай Жәнібек ауданының шекарасында, сонымен қатар Ресей Федерациясымен шектесетін шекарада Шильная Балка ауылынан батысқа қарай аудан абсолюттік биіктіктері 50 метрден аздап биіктеу Сырт алды кемердің аумағына аздап қана сұғынады. Сөйтіп, ауданның беткі жер қабатының абсолюттік жасы 40 мың жыл төңірегінде деп есептеуге болады. Демек ол Төменгі Хвалын қауызының суларынан босағаннан кейін қайтып теңіз суларының астында қалмаған.

Жоғары плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігін қауырт мұз басуына (115 мың жыл бұрын басталып, шамамен 10 мың жыл бұрын аяқталған валдай мұзбасуы) байланысты қазіргі белгі бойынша 45 (50) метр ойпатты Төменгі Хвалын (Ерте Хвалын) қауызының (40 – 50 мың жыл бұрын) суы алып, қоршаған кеңістіктен құйылған саз бен құмды астына тұндырды.

Қазіргі кезде Төменгі Хвалын кезеңдердегі шөгінділер неғұрлым ойыс жерлерде көлдермен, сорлармен және жағалық тұнбалармен бөлініп жатыр. Каспий маңы тектоникалық ойпаты өзінің күллі даму тарихының өн бойына дерлік теңіз тәртібін бастан кешті – бір геологиялық кезеңнің теңізі артынша басқа теңізге ауысып отырды. Бұл біздің өлкеміз аумағының, соның ішінде Казталовка ауданының геологиялық жағынан жастығымен түсіндіріледі.

Каспий маңы тектоникалық ойпатының орталық бөлігінің төмендеу мәресі, геофизикалық мәліметтер бойынша кіндік тұсы Қаратөбе - Тайпақ – Жалпақтал ауылына жақын бағытта өтіп, одан әрі Алмалы (Александров – Гай) арқылы Ресейге қарай ұласатын, шамасы, осының алдында ғана “қалыптаспаған мұхит” дамуының тоқталып қалуына байланысты болса керек. Бұл қопарылыс шекарасының дамып, түзілістің табанында ізінің қалуы құрлықтық қопарылыс шегінде аяқталды және одан шын мәніндегі ауқымды мұхит пайда болған жоқ.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғары палезой литосферасы қоршаған төңіректің сатылап, біртіндеп батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы тектоникалық ойпаты кең де терең, ұдайы төмен түсетін терең шөгінді алабына айналды. Оған тұнба материалдардың жинақталып, ойпаттың шетінен ортасына қарай біртекті жыныстардың қалыңдай түсетін сипаты айғақ. Ауданның орталық бөлігін облыстағы ең қуатты (сондай – ақ Каспий маңы тектоникалық ойысында да) қуаттылығы 20 километрге дейін жететін тұнбалар жапқан.

Сонау алыс кезеңдерде Каспийдің акваториясы мұхит тұрпатындағы мүлдем басқа су қауыздарының құрамында және жер шарының мүлде басқа жерлерінде болды. Біз оның дамуының соңғы кезеңдеріне ғана қысқаша тоқталамыз.

Палеозой дәуірінің пермь кезеңінде (кунгур ярусы – 275 – 270 млн. жыл бұрын) терең сулы ойпат қауызы салыстырмалы түрде алғанда қысқа ғана мерзім ішінде тас тұзының үлкен қабатымен кенерледі. Оны жапқан тұнбалардың бір шақырымға дейін қордалануы жағдайында тұз күмбездері құрылымдарының пайда болу үрдісі

басталады (қатты қысым салдарынан жоғарыда жатқан тұз қабаттары икемді бола түсіп жоғарыға қарай тығыздалады). Пермь кезеңінің соңына таман тұнбалардың қуаты тіпті 4 – 5 километрге жетті. Мұнан кейін (жеткілікті тұнбалардың жинақталуына қарай) тұз күмбездері құрылымдары қалыптасуының аса ауқымды триас және юр – палеоген кезеңдері келді. Ауданда тұз күмбездері көп, бірақ олар жер бедерінде негізінен аз байқалады.

Өзінің көлемі жағынан алдыңғы Ақшағыл трансгрессиясынан едәуір бәсең жоғарыплиоцендік Апшерон тасқыны плиоцен дәуірін аяқтап, облыс аумағында Каспий теңізі – көлінің аздап басуымен және қайтуымен сипаталатын плейстоцен тарихы басталады. Орал маңы үстіртінің оңтүстігіндегі аудан аумағы плейстоцен дәуірінде Баку, Хазар және Хвалын қауыздарының суларымен толықты.

Сөйтіп, аудандағы геологиялық жағынан ең жас беткей Бөкей синклезасы (ойысы), демек бұдан 40 мың жыл бұрын Төменгі Хвалынск қауызының суынан босап қалған Каспий бойы ойпатының солтүстік бөлігі болып табылады. Осы кезде Европаның мұз баспайтын белдеуінің тарихи сахынасында саналы адам пайда болды - *Homo sapiens L., 1758* (Африкада табылған ежелгі адам 130 000 мың жыл бұрын өмір сүрген, ал жақында келген хабар бойынша Эфиопияда 1967 жылы табылған ең ежелгі адам жұрағының (шамасы: ежелгі саналы адам *Homo sapiens idaltu*), - жасы – 195 мың жыл, бұрынғы есептелініп келген адам жасынан 65 мың жыл әрі; Батыс Азияда – 90 000 жылдан астам бұрын) шамамен 28 мың жыл бұрын неандертальдықтарды (Жерді жарты миллион жыл бойы мекендеген) түпкілікті ығыстырып шықты. Мұнда саналы адамның пайда болуы кеш палеолит дәуірінің бас кезіне әлі алғашқы 12 мың жыл көлемінде ол орта палеолит дәуірінің, немесе мустьер мәдениеті деп аталатын кезеңнің жұрнақтары – неандертальдықтар мәдениеті дәуірлеген шамамен сәйкес келеді.

Геологиялық дамудың күрделі тарихының, жекелеген тұстардың үстіңгі жақтарының көтерілуі мен төмен түсуінің ұзаққа созылған үрдістерінің (терең қабаттарда тұздардың қозғалысы салдарынан) нәтижесінде аудан аумағындағы

жерлер жас аралығы төменгіхвалындік кезеңнен қазіргі заманғы кезеңге дейінгі ежелгі теңіз және анағұрлым жас құрлықтық түзілім тұнбаларымен көмкеріліп жатыр. Осының айғағындай аумақ Бөкейорда ауданының шегінде саз, саздақ, құмдауыттардан, әсіресе оңтүстік - шығысында құмдардан тұрады.

Ауданда құрылыс тастарының (керамикалық) өндірісі үшін ғана арналған саздың кен орындары ашылған.

Жер бедері. Облыс аумағының геологиялық дамуының теңіз кезеңінің соңғысының алдындағы (Төменгі Хвалынь) даму қарқынына байланысты Бөкейорда ауданының жер бетінің анық тегістігі байқалады.

Ауданның ең биік нүктесі Жәнібек ауданымен шектесетін жердегі шоқының басына орналасқан және 56 метрге тең. Ал абсолюттік биіктіктің төменгі нүктелерінде 0 метрден аздап төмен жерлер ауданның оңтүстігінде көптеп кездеседі және олар сорлардың түптерімен байланысты болып келеді.

Аудан тұтастай біздің облысымыз сияқты Шығыс Европа жазықтығының оңтүстік – батысында орналасқан. Өте тегістігіне және жастығына байланысты құрылымдық негіздегі көлтабандар, сондай – ақ жер бедерінің тұрпатындағы сулы – эрозионды және орныққан үлгілері (далалық тосқындар, немесе беткейлер) алып жатқан тұз күмбезді шоқылар мен ойыстар тән болып келеді. Морфологиялық құрылымдар арасында тұзды көтерілімдердің элементтері аз байқалады. Ал ауданның оңтүстігінде айтарлықтай қуаттырақ болып, осыған байланысты теріс үлгілер байқалады.

Қазталовка ауданында жер бедерінің сулы – эрозионды тұрпатынан екі өзеннің – Кіші Өзен мен Үлкен Өзеннің аңғарлары, сондай – ақ олардың салалары жатыр. Оңтүстік – батысында шекара бойлай Ащыөзек (орысша Горькая) өзенінің сол жағалауы орналасқан. Барлық өзендерде тік жар және құлама жағалаулар басым. Ауданда өзендер кішігірім ойлы - қырлы жазықтықтардың үстімен ағып өтіп, олардың аңғарлары алыстан білінбейді. Оны жақындап барып қана

байқауға болады. Жалпы алғанда ауданның өзендермен көлбеу және тік бағытта тілімденуі мардымсыз.

Ауданда сай – салалы жүйе сирек, онша жетілмеген. Терең және ұзын сайлар әдетте өзендердің салалары болып келеді.

Аумағы жағынан ауқымды, тереңдігі жағынан салыстырмалы түрде алғанда ұсақ болып келетін тектоникалық сипаттағы ойыс жерлер көлтабандар ретінде пайдаланылады. Ауданда тұйық көлтабандар (мысалы Болашақ ауылының қасындағы үлкен көлтабан) мен онша терең емес далалық өзендердің жанындағы өзен жағалаулықтары (мысалы, Қараөзен ауылының тұсындағы Фурманов көлтабаны) жиі кездеседі. Жағалаулардағы көлтабандар көктемгі су тасқыны кездерінде суға толады.

Тереңдігі мен аумағы жағынан неғұрлым кішігірім болып келетін жерлердің беткі қабаттары құламалар атанған. Каспий теңізі – көлі бағытына қарай жалпы алғанда сөл ылдилап түсетін жайпақ су айрығы кеңістіктері сол себепті де құламалар аралығы аталынады.

Ауданның солтүстік шөлейт бөлігіндегі құламалар аралық кеңістіктерде далалық тосқындар таралған. Біртіндеп төмендеу деңгейі мен Каспийдің жағалаулық бөлігінің қайтуының нәтижесінде пайда болған бірқатар бастапқы қалыптасқан тұтастай алғанда аралық белдіктегі кешенді далалардың су айрығы кеңістіктері атанып кеткен Каспий маңы ойпатының беткі жағы жер бетінің үстіңгі қабаттары ретінде қарастырылады. Ол қайталама түзілістермен күрделене түскен: оң түзілістер – кішкене сарышұнақтардың індерден материалдарды шығарып тастау жолымен пайда болған саршұнақ илеулері және теріс түзілістер – торпырақ пен жыныстардың шөгуі және олардың аралықтарындағы кішігірім баурайлардың пайда болу жолымен қалыптасқан кішігірім ойпаттар далалық тосқындар, дала көлбеулерінің беткейлері.

Шағын жер бедері үлгісінің арасында тұтаса өскен далалық өсімдіктер мен бұталы өсімдіктердің арқасында түрлі көлемдегі, айналасы дөңгеленіп келетін, өте терең емес, жайпақ табанды тосқындар – кішігірім ойыстар айрықша білінеді. Тереңдігі

әдетте 8 ден 20 – 25 сантиметрге дейін, кейде 40 сантиметрге дейін ауытқиды. Олар кейде өзара арқалықтармен жалғасып, жер бетінің жалпы көп байқала бермейтін еңіс тұсына қарай ұзын тізбек құрайды. Кішігірім ойыс жерлердің жалғасып жатқан тізбегі кейде бірнеше километрлерге созылады. Далалық кішігірім тосқындардың пайда болуы зерттеушілерді әуестендірген және әлі де әуестендіріп келе жатқан мәселе. Зерттеушілерді олардың далалық ландшафтқа өзіндік ерекше сипат қосқандығы ғана емес, ең бастысы бұл көптеп кездесетін бұл кішігірім тосқындар топырақ жамылғысының кешенділігін ғана қалыптастырып қоймай, топырақ түзілістерінің барысын айтарлықтай өзгертіп, өсімдіктер мен астықтың өнімділігіне әсер ететіндігі, жерге орналастыру кезінде жерге баға беруде зор маңыз атқаратындығы және климаттың қалыптасуына да өзінің үлесін қосуы әбден ықтимал екендігі де әуестендіреді.

Далалық тосқындардың қалыптасуы мәселесімен зерттеушілер 19 ғасырдың 70 жылдарынан бері әуестеніп келеді. Содан бері оның пайда болуының түп негізі жөнінде көптеген пайымдаулар туындады. Бұл ретте авторлардың бір бөлігі логикалық белгілердің ауқымын қолдана отырып, жорамал ретінде тұтастай пайымдаулар легін ұсынды. Сол себепті оларды түрліше көзқарастардың жақтаушыларына жатқызуға болады. Барлық жорамалдарда да әртүрлі ағаттықтар бар. Сол себепті олардың бір де біреуі Солтүстік Каспий аумағында жалпы мойындауға ие бола алмай отыр. Көптеген пайымдамаларға ортақ мәселе далалық тосқындардың пайда болуындағы кеулеу (суффозия) процесінің маңызын мойындау болып табылады. Ал айырмашылықтары оған қозғау салатын себептерді өздіктерінше түсіндірулерінде жатыр.

Кішігірім далалық тосқындардың пайда болуы жөніндегі гипотезаларды бірнеше топқа бөлуге болады:

- далалық беткейлер тасындылар астында көміліп қалған мұздардың еруінің нәтижесінде пайда болды деушілер бар (мұздақтар гипотезасы):

- мұздақ (мұз басу дәуірінің шамасы) зонасындағы топырақ суының қайта - қайта қатып, еруінің нәтижесінде тосқындар пайда болған (тоң басу гипотезасы);

- тосқындар беткі қабаттағы сулардың әрекетінен пайда болды (флювиалды гипотеза);

- олар желдің әсерінен пайда болды (эолды гипотеза);

- ұсақ тосқындар топырақ – жер қыртыстары жинақталған кезде кішігірім қатты заттар мен еріген тұздардың бөлініп шығуының нәтижесі болып табылады (суффозиялық гипотеза);

- Беткейлер кальцийдің шоғырлануы және өсімдіктердің тіршілік етуі процесінде оның сортаң қабатынның сіңігіш кешенінде алмасып тұратын натрийді ығыстырып шығаруынан пайда болады (фитогеналақ гипотеза);

- Тосқындар кеміргіштердің ін қазуларының нәтижесінде пайда болады (зоогеналық гипотеза).

Кейбір авторлар кішігірім ойыстардың пайда болуын соңғы мұздақ кезеңімен байланыстырады. Олардың пікірінше, мұздақтың еріген сулары алып кеткен мұздар тасындылармен көміліп қалған. Кейінірек мұз еріген кезде қазіргі далалық тосқындар пайда болған. Алай да сонау алыс замандарда Каспий маңы ойпатының беткі жағы теңіз суларының астында жатты (Каспий теңізі – көлінің Төменгі Хвалын трансгрессиясы), ал ұсақ тосқындар қазіргі кезде де пайда болып жатады. Соңғы кездерде далалық көлбеу беткейлердің пайда болуы теңіз сулары баспаған дананың зоналарында дәлелденген болып есептелінеді. Мұндай тосқындардың морфологиясы мен морфометриясы басқаша (біздің кешенді далаларымыздағы ұсақ ойпаттардан түбегейлі өзгеше) және олардың морфогенезі сортаңдардың қыртыстану процестерімен мүлде байланысты емес.

Даланың көлбеу беткейлерінің шығу тегін зерттеудің бастапқы кездерінде беткі қабаттардағы сулардың ролі туралы бірқатар жорамалдар болды. Кейбір авторлар далалық кеңістіктердің тегістігін ескере келе еріген қар және жаңбыр суларының тұрып қалатындығын, жел шайқап қозғалысқа келген судың араласып, ойыс жасап алып, сосын оның белсенді түрде артық тұздардан арылуынан деп есептеді. Ал басқалары тосқындардың пайда болуы бұрынғы жылғалардың көміліп қалуы салдарынан болуы ықтимал деді.

Ал үшіншілері далалық тосқындар кішігірім су қоймаларының қалдықтары, былайша айтқанда теңіз қайтқаннан соң теңіз түбінде қалып қойған көптеген кедір – бұдырлы тұстарың, кейін тегістелу процестеріне ұшырауы болуы мүмкін деп есептеді.

Желге шешуші маңыз берген кейбір зерттеушілер далалық сайларды көміліп қалған қазаншұқырлардың босаң көріністері деп есептеді. Басқалары сайлардан желдің әсерімен үрленіп және сейілген топырақтың жоғарғы қабаттарының нәтижесін тапты. Олардың пікірінше жел түрлі ауқымдағы ойықтардың пайда болуына соқтырады. Біздің далаларымызда сайлардың желдің сейілтү әсерімен пайда болу теориясына негізді дәлелдерімен үзілді – кесілді қарсы шыққаннан кейін ол мұнан кейінгі барлық жұмыстарда тарихи қызығушылық туғызатын мәселе ретінде ғана еске алынады.

Көптеген авторлар тосқындар аралық кеңістіктердегі ұсақ жер бедерлерінің пайда болу себептерін суффузиядан көреді. Олардың бірқатарлары ұсақ сай – салалардың шығу төркінін топырақ – жер қыртыстарының бастапқыдан - ақ бірқалыпты болмайтындығынан, демек себептерді топырақтардың су өткізгіштігінің әртүрлілігінен және олардың бірқалыпты ажырамайтындығынан деп білді.

Басқа зеріттеушілердің ұғымынша ұсақ қырқалар мен кішігірім еңістіктердің пайда болуы теңіз түбінің бұрынғы кедір – бұдырлығы саларынан далалық жер бедерінің сумен түрліше дәрежеде аралсуынан тәрізді. Авторлардың үшінші тобы сортаң жерлерде тосқындардың пайда болуының себептері түпкі жақтарында сульфаттардың көптеп жинақталуынан және тығыздалуынан топырақтың түрліше “төбешіктенуі” нәтижесінде болуы мүмкін деп санайды. Олардың пікірлерінше ойпаң жерлер жинақталған сулармен шайылып, ұсақ сайларға тән көрініске ие болып, далалық өсімдіктерге тұнады. Қазіргі кезде бірқатар зерттеушілер бұл жорамалды неғұрлым қисынға келеді және Солтүстік Каспий маңы шөлейттерінің ұсақ жер бедерлерінің қалыптасуының осы заманғы көзқарастарына жауап береді деп есептейді.

Сортаң қабаттар құрғаған кездерде құламалар аралық кеңістіктердің топырақтары жарылып, ал ылғалданған

кездерде ісініп, судың өтуіне жол бермейді. Сортаң жерлердің осы ерекшеліктерін ескере келе жекелеген авторлар өсімдіктер мен ін қазатын мақұлықтардың қызметіне назар аударса, ал олардың бір бөлігі дербес түбірлердің қалыптасу үрдістеріне қозғау салатын дербес жетекші фактор тапқандай болады.

Тосқындардың пайда болуындағы өсімдіктердің роліне былайша баға беріледі:

- ылғалдану жағдайын біртіндеп жақсартып, өздері де шөл дақтарының далалық жағдайға қарай бейімделген өзгерістеріне тап болып, астындағы топырақтың су өткізгіштігін күшейте түседі деп санайды;

- өсімдік кальциді жинақтап, жетіліп құрағаннан кейін топырақпен араласып, бойынан натрийді ығыстырып шығарады да, бір жерден екінші жерге көшкен сайын сортаң қабаттың өткізгіштігін жақсартта түсіп, нәтижесінде дербес түбірлер пайда болуы мүмкін.

- Топырақтың астына терең бойлап, шірігеннен кейін қатты түтікшелерін қалдыратын қуатты тамырлары бар өсімдіктер қар суының топыраққа тез енуіне және кеулей түсуіне мүмкіндік береді.

Зоогендік жорамалдың нұсқалары мындай болып келеді:

- саршұнақ илеулерінің аралықтарындағы салыстырмалы түрде алғанда еңіс жерлерде (саршұнақтар тобы мекендеген жерлердегі төбешіктер) еріген сулар жинақталып, кішігірім ылдилар бола қалған жағдайда төбешіктердің арасымен ағып, тұздарды алып кетеді де, осының нәтижесінде тұщыған тұстар тосқындарға айналып, су тұрып қалған жерлерде сортаңдар пайда болады.

- Саршұнақ илеулерінің аралықтарында су жинақталып, белсенді түрде шайып еңіс жерлердің астындағы топырақ – жер қыртыстарын қалыптастырып, оларды тереңдете түседі.

- Жер бетіндегі сулардың әсерімен ұсақ жер бедерінің көтерілген тұстары, демек саршұнақ илеулері (борпылдақтығы мен суды жақсы өткізгіштігінің арқасында) тез ажырап, ал олардың аралығында қалып қойған кішігірім

ойпаңдар судың тұрып қалуы салдарынан сортаңданып, оларда тұздардың тұнбалары көбейеді;

- опырылған ескі саршұнақ илеулерінің орнында тосқындар пайда болып, суды мол жинақтап, тез сортаңданады. Сарышұнақтардың тік індерінің (олар одан көктемде жер бетіне шығады және де жер асты қыстайтын қуыстарынан жыл сайын жаңадан тесіп шығады) түтікшелері арқылы жер бетіндегі сулар өзінің шыққан жыныстарына көтіп, ұсақ ойпаңдардың пайда болуының (тосқындардың пайда болуына, оның аумағының одан әрі ұлғаюына және ценздердің эволюциясы осы үрдістердің бір орында сан мәрте қайталануына соқтыруы) себебіне айналуы мүмкін. Кішігірім саршұнақтардан басқа ұсақ ойпаңдардың пайда болуына ін қазу қарекеті белсенді болып келетін далалық алақоржын тышқан, кәдімгі тұзтышқан (олар мекендеген жерлердегі індер айрықша жинақталып жатады), соқыртышқан) және басқа мақұлықтар.

- Кішігірім саршұнақтардың тік індерінің құйылыстарының көбеюін бақылаған зерттеушілер, Н.А.Димоның (1907) өзі "ұсақ тосқындар" және "әрең байқалатын құламалар" атап кеткен ұсақ баурайларда інді ойпаңдардың жататындығын дәлелдегендіктерін, сірә байқамайтын болса керек.

Біздің өңіріміздегі ұсақ ойпаңдардың қалыптасуын бақылаудың қорытындыларына сүйене отырып, далалық тосқындардың қазіргі кезде де пайда болатындығын байқауға болады. Олар ұсақ баурайлардың кішігірім төбешіктермен қилысатын жерлерінде еріген қар суларынан аққан суларды жинақтай отырып қалыптасқан. Белгілі бір уақыттарда жылынған жазғы су мен осы жерге жинақталған тұздар диаметрі 3 метрге және тереңдігі 12 - 14 сантиметрге жететін құламалы ін баурайлары бар дөңгелене біткен жайпақ табанды ұсақ ойпаңдардың пайда болуын туындатады. Ойпаңдардың түптерінің диаметрлері 2 - 2,5 сантиметрге дейінгі қызыл қоңыр дөңгелене біткен бөліктері төсемді болып келеді. Былайша айтқанда жер топырағы бастапқы қарақошқыл қалпында жатады.

Бұл жағдайда судың реакциясының агрессивтілігі соншалық (тапталғандықтан болар) саршұнақ илеулері мен

кішігірім баурайлардың қиылыстарынан бұған дейін қарапайым көзге көрінетін өсімдіктерді (тамырларды, өркендерді, гүл шоғырларын және жемістерді) табу мүмкін болмайды. Тек сәл кейінірек қана ондағы бірден бір өсімдік түрі болып табылатын сирек кезесетін шырмауық - бұтақты шалға басып, оның негізгі бөлігі жайылған тамыр түрінде жер бетінде жатады.

Каспий маңы ойпатында қадағаланған 36 жылда тосқындар пайда бола бастаған небәрі бес жағдайдың бірде – бірінде олардың шын мәніндегі кішігірім ойпаңға айналғандығын байқау мүмкін болмады. Барлық эпизоттарда да сортаңдардың біртіндеп қалпына келуі байқалды. Бұл, шамасы, ойпаңды шаятын еріген судың көлемінің жеткіліксіздігінен және олардың су режимінен құрғақ үлгіге, демек тұздардың топырақтың беткі қабатына көшуіне байланысты болса керек. Басқаша айтқанда, далалық беткейлердің санының көбеюі олардың алдында беткі қабаттардағы су бөлінісінің пайда болуына байланысты болмайды. Сонымен қатар кейде бір жерде тосқындардың дамуының бірнеше қайталайтын жағдайлары байқалатындығын да атап көрсеткен орынды. Бір жағдайда тосқынның осындай төрт мәрте пайда болуының алғышарты байқалды. Оларды бақылау барысында кейін жоғарыдағы аз ғана еңістігі бар баурайдағы жоғарыда сипатталған бастап пайда бола бастаған тосқынның алдында жалғаса орналасқан аздап қана біліне бастаған сортаңдағы ішінара ғана сақталған кішігірім үш ойпаңды бақылауға мүмкіндік берді.

Қазталовка ауданында далалық тосқындар көлтабандар алдындағы жерлерге тән болып келіп, олар тосқынды алаптар құрай отырып, далалық жерлердің 80 пайызына дейін қамтитын кездері болады. Мұндай тұстарда үлкен аумақтарды қамтитын далалық көлбеу беткейлер өз жиектерімен қабысып жатады. Жер бедерінің антропогендік тұрпаттарына каналдар, олардың жағалауларындағы үйінді жалдар. Сондай – ақ обалар – ежелгі адамдар жерленген жерлердегі қолдан тұрғызылған шоқылар тән болып келеді.

Климаты. Аудан аумағындағы ауа райының көп жылдық режимі оның солтүстік және оңтүстік бөліктерінің біртіндеп

құрлықтық режимге түпкілікті көшуге ойысуына және қалыптаса бастауына алып келді. Мұндай өзгеріс аумақ дамуының өткен геологиялық кезеңдердің жалпы қалыптасқан аса ауқымды климат жағдайларына сәйкесті жүзеге асты.

Аса ерте дәуірлердегі климаттың өзгерістері – Еуропа құрлығы жағдайларының ендік бойынша да, мұхиттарға қатысты ауысулары бойынша да өзгерістерінің нәтижесімен байланысты. Климаттың өзгеруіне бұдан басқа тау түзілістері процестері де әсер етті.

Геологиялық тұрғыдан алып қарағанда плиоцен – плейстоцен кезеңіне дейінгі қысқа мерзім ішінде, сондай – ақ голоцендік кіші мұздақта Каспий теңізі - айдыны деңгейінің бірнеше мәрте және аса ауқымды ауытқуларының себебі - негізінен алғанда климаттың өзгеруінен. Бір ғажабы, Каспий суының әрбір ірі көлемдегі құрғақты басуы климаттың айтарлықтай салқындау фазасымен сәйкес келсе, ал аумақтардың судан босап қалуы климаттың қауырт құрғақшылығына ұштасады.

Жекелей алғанда мұз басу және мұздақ аралық дәуірлер шегінде климаттың салқындауы мен жылынуы алмасып келіп тұрады.

Соңғы мұз басуының тұсындағы күн қызуының көтерілуі, мұздақтардың еруі және мұз қабаттарының бұзылуы 14 мың жыл бұрын басталды. Ауа райының бұл жылынуы аса ауқымды сипатта болды. Ол Валдай мұз қабатының тоқырауына әкеліп соқтырды. Бірақ бұл үрдіс те белгісіз өткен жоқ. Оның салдарынан температура ауытқып, жиі мұз көшкіні жүрді. Әлемдік мұхит деңгейі, таулардағы қар жондарының биіктіктері, жағалауалық мұздақ аумақтары өзгерді. Мысалы, Скандинавия мұз жамылғысы орталығының жойылып кетуі осы мұзбасуының бастауында, шамамен 9 мың жыл бұрын жүзеге асты.

Мұздақтар әдетте бес климаттық кезеңге бөлінеді:

1) арктикалық және субарктикалық – мұзбасудың соңы және мұзбасудан кейінгі кезеңнің басы. Бұл кезеңде (б.з.дейігі 9 – 8 мың жыл) басталған жылылыққа байланысты мұздық жабындылардың өзгеруімен қатар, Еуропада тундра

аумағы да айтарлықтай ашылады. Мұнда қайыңды – қарағайлы және тайга ормандары қайтадан өріс ала бастады.

2) Бореальды – салқын және құрғақ. Ол кезде тайга ормандары тундраны солтүстікке ығыстыра бастады. Олардан соң Оңтүстік және ішінара Еуропаның орталық бөліктерін қамтыған жалпақ жапырақты ормандар пайда болды.

3) Атлантикалық – жылы және ылғалды. Осыдан 6 мың жыл бұрын осы кезеңмен ұқсас болып келетін ауа райының қолайлы бейімделуі (климаттық оптимум) деп аталатын кезең басталды. Атлантикалық кезеңде климат қазіргі кезге қарағанда жылырақ болды. Мұздаққа бейімделу кезеңінде жылы және ылғалды климат барлық жер шарын қамтыды.

4) Суббореальды – жылы және құрғақ (ксеротермиялық) кезең. Ол 2 мың жылға жуық (біздің эрамызға дейінгі 2500 жылдан 500 жылға дейін) созылып, салқындығымен ерекшеленді. Сол себепті бұл кезеңде барлық ландшафт аймақтарының экваторға жылжуы, тау мұздақтарының көшкіні, жоғары ендіктерде мұзданудың күшеюі, ал аридтік аймақтарда құрғақшылық байқалды.

5) Субатлантикалық – салқын және ылғалды. Біздің эрамызға дейінгі 500 жыл шамасында қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатқан салқын және ылғалды кезең басталды. Бұл кезеңде климат нашарлап, күн суыта түсті, жауын – шашын көбейді. Шымтезекті батпақтар ұлғайып, тундраның орманға, орманның далаға таралуы басталды. Климат біртіндеп үлкен мұхиттармен ерекшеленетін қазіргі жағдайға ұласты.

Тарихи кезеңдердегі климаттық өзгерістер аштық, су тасқындары, иесіз қалған елді – мекендер мен халықтардың үдере көшулері туралы ақпараттар негізінде талқыланып жатады.

Біздің заманымыздың бірінші жүзжылдығында ылғалдылық пен күннің қызуы қазіргі кездегіге жақын болды. Алай да біздің заманымызға дейінгі шамамен IV – V ғасырларда жағдай өзгеріп, Еуропада VIII ғасырға дейін құрғақ және жылы болған. Бұл кездерде шымтезек алаптары ықшамдалып, көлдердің деңгейі төмендеген. Орта ғасырдың бастапқы кезеңдерінде (VIII ғасырдан XIV ғасырға дейін)

климат жайлы және жылы бола бастап, солтүстік теңіздерінің мұздылығы күрт азайды.

XIII – XIV ғасырларда климаттың жаңадан салқындауы басталып, солтүстік теңіздерінің мұздылығы біртіндеп ұлғая бастады. Климаттың ішкі маусымдық құбылыстары ұлғайды. Кіші мұзды кезең деп аталатын кезеңге көшу айқындалды.

Кіші мұзды кезеңнің (1450 – 1850 жылдар) сипатты белгісі – тау мұздақтарының қозғалуы болды. XVI ғасырдың аяғы мен XII ғасырда альпі мұздақтарының дамуы шарықтау шегіне жетті. 1700 жылдар шамасында альпі мұздағының аздап кейін шегінуі байқалды. Бірақ нақ осы кезде Исландия мен Норвегияда мұздақтар дамып, Швецияда 1710 жылы шарықтау шегіне жетті. Мұнан кейін мұздақтардың айтарлықтай қозғалысы 1720 жылдар шамасында байқалды. 1760 – 1790 жылдары альпі мұздақтарының дамуы одан әрі жалғасып, ол 1600 жылғы шырқау шегіне ұқсас болды. Тау мұздақтарының жаңа жаһандық шарықтауы Альпіде, Исландия, Норвегия, Солтүстік Америка, Британ Колумбиясында және Оңтүстік Американың Патагон Андаларында 1850 жылы байқалды. 1850 – 1860 жылдардағы мұз көшкіні тау мұздақтарының ең соңғы жаһандық қозғалысы және ол кіші мұз басу кезеңінің аяқталғаны болды.

Кіші мұз басу кезеңі жанартаулардың атқылауының күшеюіне, сонымен қатар атмосферада CO₂ концентрациясының азаюына байланысты болды деген топшылау бар.

Өнеркәсіптік төңкерістердің басталуымен адам баласының шаруашылық қызметі, әсіресе қазба кеніштері жанармайының жағылуы есебінен атмосферада қалдық газдар (әсіресе көмірқышқыл газы) көбейді. 1850 жылдан кейін орташа жаһандық температураның арта түсуі ең бастысы атмосферада көмірқышқыл және антропоген текті басқа қалдық газдардың сақталуының артуы салдарынан болды деп есептеледі. Сөйтіп, соңғы 100 жылды климаттың жылыну кезеңі деп те атауға болады.

Метрологиялық бекеттер үшін ауа райының температурасын өлшейтін қатарлар Солтүстік жарты шарда басым орналасып қалған. Олар бір жүз жылдан асатын

шаманы ғана қамтиды. Бұл мәліметтер соңғы 100 жылда жер шарындағы орташа температура 0,5 градус C артқандығын айғақтайды. Бұл өлшеулер де ырғақты емес, секірмелі болды – күрт жылыну салыстырмалы алғанда салқындау кезеңдерімен алмасты.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдағы климат өзгерістері тікелей метрологиялық өлшемдерді сұрыптау негізінде алынды. Қазіргі кезде кіші мұздақ кезеңінен соң басталған жылыну XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші жартысына дейін созылғандығын айғақтайтын көптеген дәлелдемелер бар. Бұл тек қана тау мұздақтарының Еуропада, Солтүстік Америка мен Азияда ғана шегінуі ғана емес, метрологиялық өлшеулердің сұрыпталған қатарлары.

Қазіргі кезде кіші мұздақ кезеңінен соң басталған жылыну XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші жартысына дейін созылғандығы тікелей метрологиялық сұрыптаулар негізінде белгілі болды. XIX ғасырдың аяғынан 1940 жылға дейін барлық Солтүстік жартышарда жылылық болып, оның ауқымы 0,6 градус C кем болмаған. Одан біразырақ уақыт өткеннен кейін қазіргі кезеңге дейін ұласып келген салқындау кезеңі басталған. Мұнан кейінгі 50 – 60 жылдардағы салқындаулар онша байқала қойған жоқ. Бұл температураның бірқатар деңгейі шамасында құбылғаны ғана болар. Температураның жаңадан көтерілуі 70 жылдардың екінші жартысында басталды. Бұл кезеңдегі аспаптық бақылаулар жер шарының орташа жаһандық температурасы сайып келгенде 1,5 градус C өскендігін айғақтайды.

Жылыну бағытында өзгеріп бара жатқан жаһандық климат неғұрлым шағын ауқымда алғанда кезеңдік салқындау мен жылындың неғұрлым қысқа ырғағын ұстайды. Ол Солтүстік жарты шардың бірыңғай ендік климатының құрлықтық түрпатына байланысты және тропосфераның батыс ауа ағысына көшуіне басымдылық бере отырып Казталовка ауданының орташа атмосфералық жағдайының сипаттамасы үшін көрініс аясы болады. Ауа райын бақылау бекеттерінде қадағалау барысында аудан үшін климаттық элементтердің көп жылдық орташа көрсеткіштері, сонымен қатар олардың

ең шекті маңызы орташа маңыздылығынан ауытқу шегінде болуы мүмкін. Олардың кейбіреуі осы жұмысқа пайдаланылды.

Географиялық аймақтылығына және метеорологиялық элементтері арасындағы тәуелділігіне негіздеген климаттарды жіктеу барысында және мұндай тәуелділіктің сипаттамасы үшін жер бетінің қалыптасқан температурасы мен құрғақшылық индексі пайдаланылады. Казталовка ауданы тұтастай алғанда екі климаттық белдік шегінде орналасқан. Ауданның солтүстік – батыс бөлігі облыстың ылғалдылығы жеткіліксіз қысы жұмсақ және қысы бірқалыпты жұмсақ климаттық зонасына орналасқан. Ауданның оңтүстік – шығыс бөлігі ауа райы құрғақ және жазы жылы және қысы бірқалыпты жұмсақ климаттық зонасын алып жатыр. Климаттық зоналар аралығындағы шекара шамамен Жалпақтал ауылы (бұрынғы Фурманов) мен Әбіш ауылы желісінің бойымен өтеді.

Аудан екі табиғи зонада – шөлейт және шөл (солтүстік шөл дала) далада орналасқан. .

Ауданның солтүстігінде орташа айлық температура (Казталовка ауылы) қаңтарда – 12,8 °С, ал шілдеде + 23,8 °С; орташа жылдық температура + 5,7 °С; жауын - шашынның орташа айлық мөлшерінің ең көп мөлшері мамыр айында (34 мм), ең төменгі шегі – ақпан айында (13 мм), жауын - шашынның орташа жылдық мөлшері 275 мм шамасында. Ауданның оңтүстік - батысында орташа айлық температура (Жалпақтал ауылы) қаңтарда – 12,8 °С, ал шілдеде + 24,1 °С, орташа жылдық + 5,9 7 °С; жауын – шашынның орташа айлық мөлшерінің ең көп мөлшері маусым айында (27 мм), төменгі шегі – наурыз айында (11 мм), жауын – шашынның орташа жылдық мөлшері 233 мм.

Кейбір жылдарда климат жағдайы жиі өзгеріп тұрады. Жылдың төрт мауысымы анық білінеді.

Көктем кездерінде ауаның температурасы тез көтеріліп, бұл жылылық оқтын – оқтын күн суытуларға тіпті аяғы аяздарға дейін соқтырып секірмелі өтеді. Көктемнің ұзақтығы температура шекараларының шегінде бар болғаны ай

жарымға ғана созылады. Мұнда көктем айтарлықтай құрғақ. Жауын – шашын өте ауытқымалы: кейбір ылғалды көктемдерде ылғал қалыптағы мөлшерден 3 – 4 есе көп түседі, ал құрғақ көктемдерде ылғал мүлде болмайды, немесе болар – болмас аз мөлшерде түседі.

Жаз айларында топырақтың беткі қабаттары күн сәулесін сіңіріп, топырақтың кебуіне және көпшілік жағдайда құрғақшылықтың басталуына әкеліп соқтырады. Атмосфералық жауын – шашыннан ылғалдануы өзгермелі болып келеді: құрғақшылық жылдары жеткілікті, тіпті шамадан тыс ылғалдылық жылдарымен алмасып келіп отырады. Әсіресе, жауын - шашынның айлық және маусымдық мөлшерінің өзгермелілігі зор және жылдық мөлшерден аз, сонымен қатар жазғы жауын – шашын қысқы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай көп. Жазғы ауа ағысы жүрген кезде жаңбырдың ауқымына қарай болмашы ғана ылғал түсіп тұрады. Бір өткенде ылғалы айлық мөлшерден де асып түсетін нөсер жаңбырлар да жиі жауып тұрады. Мысалы, Жалпақтал ауылында 1932 жылы 22 шілдеде бір нөсер жауында 72 мм ылғал түсті, немесе 2,7 айлық мөлшер. Сонымен қатар, кейде жаңбырсыз уақытардың ұзақтығы 1,5 – 2 айға дейін жететін кездері де болады. Жаз тұтастай алғанда айтарлықтай ашық, құрғақ және өте ыстық болып келеді. Жалпақтал ауылында температураның ең жоғарғы шегі + 44 °С.

Күз айларында ауа температурасының құбылмалылығы, күннің бұлттануы, жауын – шашынның мөлшері жаз айларына қарағанда аздау. Температура бастапқыда айдан айға төмендей келіп, күздің соңына таман үдей түседі де, ал қыс басталуға таман төмендеу қарқыны қайта баяулайды. Кейбір жылдары жауын – шашын мөлшерінің өзгерісі үлкен: оның мүлде болмай қалуынан толассыз жаңбырға дейін ұласу жағдайында болуы да ықтимал.

Жалпақтал ауылында температураның ең төменгі шегі - 40 °С.

Қыста, әдетте антициклондар жиі байқалады. Ауа райының суытуы қардың түсуінің әсерімен күшейіп, қатты аяздардың болуына әкеліп соқтырады. Сонымен қатар қаңтар

және ақпан айларында температураның жақсаруымен жылылықтар да болады. Қысқы кезеңдерде ауа райының бұзылуы басым болады. Қыс басталғаннан бастап жерді тұрақты қар баса бастайды. Ол орта есеппен алғанда ол желтоқсан айының бірінші онкүндігінде, ауданның оңтүстігінде желтоқсан айының екінші онкүндігінің соңында пайда болады. Қыс ерте түскен жылдары қар талай жылғы орташа мерзімнен де анағұрлым ерте – тіпті қазан айының бірінші онкүндігінде түссе, қыс кеш түскен жылдары айтарлықтай кеш – қаңтар айының екінші – үшінші онкүндіктерінде түседі.

Гидрографиялық желі. Казталовка ауданының аумағында екі өзен – Кіші және Үлкен өзендер ағып жатыр. Өзеннің жоғарғы жағы Ресей Федерациясында, ал сағасы – ауданнан тысқары жердегі Қамыс- Самар көлдері жайылмаларының ішкі ағыссыз (сорлы) көлдеріндегі қазаншұқырларда жатыр. Ауданның батысында сормен аяқталатын тағы бір өзен - Ащыөзек жатыр. Өзендерден басқа гидрографиялық желіге көлдер мен көптеген сорлар кіреді – бұл көл шұқырларындағы кішігірім тұзды сулар. Жазда олар кеуіп қалып толық, немесе ішінара сортаңдарға айналады. Сондай – ақ өздігінен ағатын қолдан жасалған каналдар желісі айтарлықтай таралған.

Бастауын Жалпы Сырттың сілемдерінен алатын Кіші Өзен өзенінің 238 километрі (638 километр өзеннің жалпы ұзындығының 37,3 пайызы) Ресей Федерациясының аумағымен ағып өтеді. Төменгі жағында өзен екі тұста Жаңақала ауданының шекарасын бойлай – шамамен Жұлдыз ауылынан батысқа қарай 600 метр және Қарасу ауылынан оңтүстікке қарай 20 километр жерден ағып жатыр. Ресей Федерациясының шекаралық бөлігін қосқанда өзеннің ауданның батысындағы жалпы ұзындығы 336 километр. өзен ағысының бойымен жоғарыдан төмен қарай бірнеше салаларды қабылдайды. Бостандық ауылынан 3 километр жоғарыда ұзындығы 120 километрге жететін *Қоңырсай* сайы түседі. Ағыс бойымен 95 километр төменде ұзындығы 15 километр *Қисық көлтабан (Кривой Лиман)* сайын қабылдаса, тағы да 58 километр оң жақтан ұзындығы 19

километрлік атауы жоқ сай қосылады.

Өзен бойымен Бостандық ауылынан 10 километр жоғарыда Кіші Өзеннің төменгі ағысы басталады. Өзеннің аңғары байқалмайды. Бірақ оған таяу жер аз да болса өзенге қарай кәдімгідей еңіс болып келеді. Жайылма әдеттегіше бір жақ жағалауда болып келіп, бір жағалаудан екіншісіне ауысып отырады. Бірақ та ортаңғы ағыстың кейбір жерлерінде негізгі жалпақтығы бір километрге дейін жететін екі жағалаулық жайылмалар да кездеседі. Төменгі сағаларда жайылмалар көмескі білініп, жыл сайын су басады. Арна жақсы жетілген. Жағалаулар тік жар, кейде құламалы және шымданған. Бұрылыс коэффициенті орташа 1,8 – ге тең. Терең тотығулар білінбейді. Өзен жандарындағы тотығу үрдістері жарқабақты жағалаулардың опырылып және жылжып құлауынан болады. Түп жақтары күмдақ және саздақ, иірімдерде батпақ. Иірімдердің жағалаулық жиектері қоймалжың батпақты және барғызбайды.

Кіші Өзен өзенінің солтүстік – шығысында *Үлкен Өзен* өзені жатыр. Оның жалпы ұзындығы 650 километр. Оның 351 километрі (54,0 пайыз) Ресей аумағымен ағып өтеді. Ол Қайыңды ауылынан (бұрынғы Березин ауылы) солтүстікке қарай 6 километр жерден бастап шекараны бойлай ағып, ауылдан 8 километр оңтүстікке қарай енді тек қана Батыс Қазақстан облысының аумағымен ағады. Ауданда өзеннің ұзындығы 267 километр. Жалпақтал (бұрынғы Фурманов ауылы) ауылынан ағыс бойымен 35 километр төменде Үлкен өзенге Ащыөзек сайы (ұзындығы 10 километр) қосылса, 8 километрден соң сол жақтан Тілекқабыл сайы (ұзындығы 10 километр) келіп түседі. Ал тағы да 23 километр жерде оң жақтан Ашысай өзені (ұзындығы 25 километр), сосын 22 километр оң жақтан аудан аумағындағы өзендердің ең соңғысы Қарасу өзенінің (ұзындығы 25 километр) саласы құяды. Орыс Таловкасы аулының тұсында орта ағыс аяқталып, Үлкен Өзеннің төменгі ағысы басталады.

Аудан аумағында өзен аңғары байқалмайды. Жайылмалық бөліктер баяу жетілген. Жайылма бір жағында, ұзындығы 300 метрге және ені 50 метрге дейін жететін бөліктер бір жағалаудан екіншісіне көшіп отырады. Төменгі

ағыста өзенге таяу жерде 5 шаршы километрге дейін жететін аумақта қалқымалы бөліктер бар. Арна жақсы жетілген, оның ойығы 2 – 4 метрге дейін жетеді. Жалпақтал ауылына таяу 6 километр жерде көлтабан жатыр. Оның арнасы байқалмайды. Ортаңғы ағыста жағалаулар әдетте тік жар, көбінесе құлама жарқабақты. Төменгі ағыста жағалаулар едәуір тік. Арнаның бұрылыс коэффициенті 1,6. Орта ағыста жақтаулық және терең тотығулар дамыған, ал төменгі ағыста айтарлықтай тұрақты. Өзен тайыз суларда өсетін құрақты бөліктерге бөлінген иірімдер тізбегі түрінде байқалады. Жас ауылынан ағыс бойымен төмен қарай 7 километр төменде жасанды Сарышығанақ көлі жатыр. Түбі құмдақ және саздақ. Иірімдер мен өсімдіктер өскен бөліктерде ол батпақты болып келеді. Иірімдердегі жағалаулық бөліктер жартылай қоймалжың батпақты және бағызбайды.

Ауданның батысында Жәнібек ауданының шекарасының жанымен *Ащыөзек* өзені ағып жатыр. Ортаңғы ағыс (ұзындығы 106 километр, құламасы 8,5 метр) және төменгі ағыс (ұзындығы 63 километр, құламасы 3,0 метр) нақ екі ауданның шекарасының жанында. Өзен шекараның жанымен 169 километр (оның жалпы ұзындығының 65,5 пайызы) бойы ағады. Төменгі ағыс толықтай теңіз деңгейінен төмен орналасқан. Орта ағыста аңғар білінбейді. Сағадан 80 – ші километрден бастап ол болар болмас білініп, өте жайпақ баурайлы болып келеді. Мұнда оның жалпақтығы 4 – 6 километр. Сағадан 75 – 72 – ші километр тұста аңғарлар 500 – 700 метрге дейін күрт тарылғаны байқалып, баурайлардың биіктіктері 15 – 20 метрге дейін жетеді. Ағыс бойымен төмен қарай аңғар тағы да 5 – 6 километрге дейін жайылады да Жалпақ сорының еңістігіне жетіп біртіндеп жойылып кетеді.

Жайылмалардың басым бөлігі оң жағалаулық болып келіп, жалпақтығы 80 метрге дейін жетеді. Орталық бөліктерде ол ескі өзендермен және шұқырлармен тілімденген. Жайылмаға су жыл сайын шыға бермейді. Сағалық 17 километр тұста жайылма жоқ.

Арна айтарлықтай жақсы жетілген. Жағалаулардың биіктіктері әдетте 4 – 8 метр, төменде 1 – 2 метр. Арнаның бұрылыс коэффициенті 2,1 – ге тең. Тотығу барысы бәсең.

Жер асты суларының шығуы сирек. Өзен тайыз сулы иірімдердің алмасып келіп отыруы түрінде байқалады. Түбі құмдақ және саздақ, иірімдерде аздап батпақты. Су минералданған.

Казталовка ауданында көлдер көп, бірақ олардың үлкен бөлігі (әсіресе оңтүстікте) сор түрінде болып келеді.

Казталовка ауданындағы аумағындағы 1 шаршы километрден асатын үлкен көлдер

Ағыс жағдайларына қарай ауданның барлық өзендері жазықтықта жатыр.

Құнарлану көздері бойынша барлық су ағар арналар қар суынан басым нәр алып отыратындықтан, су режимі бойынша олар көктемгі су тасқыны болатын өзендерге жатады. Казталовка ауданының далалық өзендеріне су режимі бойынша көктемгі су тасқыны өте қатты және жоғары болып, ал жылдың қалған бөлігінде ағыс өте баяу, тіпті кейде болмайтын қазақстандық тұрпаты тән болып келеді.

Мұз режимі бойынша су арналары мен су қоймалары қыста қатады.

Әдетте мұз ерте қатқанда қазан айының үшінші онкүндігі – қараша айының бірінші онкүндігі аралығын, кеш қатқанда қараша айының аяғы мен желтоқсан айының басын қамтиды. Судың баяу ағысы кездерінде мұз құрсауы 3 – 8 тәулікте бекиді. Тек кейбір жылдарда ғана бұл үрдіс 20 және одан да көп тәулік мерзімге созылады. Тіпті мұз құрсауының бір ғана тәулік ішінде қалыптасатын жағдайлары да кездеседі. Өзендерде мұз қатудың ұзақтығы 120 - 135 күнге дейін созылады. Мұздың қалыңдау процесі әдетте 10 – 20 наурыз аралығына дейін созылады.

Ауданның суларында гидрокарбонат және кальций иондары басым. Өзендердегі су қатқыл.

Казталовка ауданында қатты минералданған суы өте тайыз (немесе, сусыз) көлдер – сорлардың табандары өте көп кездеседі. Олардың топырақ – жер қыртыстары тіпті жаздың аптап кездерінің өзінде де әрқашан да дымқыл

болады. Минералданған ылғал неғұрлым төмен температура ұстап, өте тығыз болады және жылу алмасып тұрады. Қыста мұндай ылғал айтарлықтай салқындап, тіпті судың температурасы – 20 градус, ауаның температурасы – 40 градусқа жеткенде де сұйық қалпын сақтайды. Жазда тұзы суға толы сол көлдерде ауы райының температурасы + 30 - + 40 градус болған кезде температура + 60 градустан да жоғары көтеріліп кететін кездері жиі болып тұрады. Казталовка ауданында суды Орал өзенінен алып, табиғи және жасанды көлтабандарды суландыру үшін пайдаланылатын каналдар желісі кең дамыған.

Топырақ жамылғысы. Топырақтың түзілу жағдайларының жиі алмасуына байланысты ауданның топырағы түрлі түстілігімен ерекшеленеді. Алай да Казталовка ауданының жекелеген тұстарындағы су айрығы кеңістіктерінде топырақтың ашық қызғылт және қызғылт қоңыр өңірлік тұрпаты басым сипатқа ие болады. Осы аумақтығы су айрықтарына топырақ көріністерінің алабажақтығы тән болып, осының әсерінен онша алыс болмайтын арақашықтықтарда топырақтың түрлі үлгілері алмасып келіп отыратындығы байқалады. Олардың ішінде басым орын сортаңдардың үлесіне тиеді. Бұл құбылыс топырақтың кешенділігі атауына ие болған.

Ауданның солтүстігіндегі биіктеу жазықтықтарда ашық қызғылт топырақтар қалыптасқан. Жер асты сулары олардың астында тереңде (8 метрден тереңде) жатады. Топырақ түзілдіруші жыныстар Төменгі Хвалын қауызының суларының орынында пайда болған жел үрлеген тау жыныстарының өнімдері болып табылады. Қарашірік қабатының қалыңдығы 40 – 60 сантиметр. Карбонаттар 50 – ден 90 сантиметрге дейінгі тереңдіктен ақ жалқын түсті дақтар түрінде бөлініп шығады. Қатты түйіршік түріндегі тұздар 110 сантиметр тереңдікте басталады.

Жайпақ жазықтықтардың баурайларының төменгі бөліктеріндегі орташа қызғылт топырақтардың арасындағы шағын алаптарда орташа қызғылт сортаң топырақтар кездеседі. Қарашірік қабатының қуаттылығы 40 – 50 сантиметр, 20 – 30 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қызып қайнайды. Ақ жылтырақтар түріндегі карбонаттардың

жиынтығы 45 – 90 сантиметр тереңдікте, ал тез еритін тұздар 120 – 150 сантиметр тереңдікте болады. Топырақтың екінші қабатында сортаңдылық (натрий сіңірілген негіздердің 5 – 10 пайызын құрайды) және кейбір салмақты механикалық құрамдар байқалады.

Орташа қызғылт топырақтар суарылмайтын егіншіліктің оңтүстік шекаралары болып табылады. Өйткені оның одан әрі оңтүстікке қарай жылжуы ылғалдың жетіспеушілігімен шектеледі.

Ашық қызғылт топырақтарға сортаңдылық тән. Ол топырақтың жоғарғы қабаттарында натридің сіңірілгендігімен және ылғалдану кезеңдерінде жер бетіндегі суларды өткізбейтіндігімен байқалады. Топырақ түзілдіргіш жыныстар Төменгі Хвалын теңізінің саздақ тұнбалары болып табылады.

Ашық қызғылт қалыпты топырақтар және ашық қызғылт сортаң топырақтар 35 – 45 сантиметр қарашірік қабатының қуатына ие болады. Оларда қарашірік құрамы көп емес, азот та мардымсыз.

Ашық қызғылт топырақтар жайлымға, кейде шабындыққа пайдаланылады. Олар ауданның шығыс бөлігінде таралған.

Казталовка ауданына ең әуелі жер бедерінің ойпаң тұстарындағы ашық – қызғылт топырақтардың арасында қалыптасатын шалғынды – қызғылт топырақтар тән болып келеді. Олар қосымша ылғалды көктемгі қар еріген кезде жер бетіндегі мол ылғал есебінен алады.

Аздап ойпаң болып келетін жазық жерлерде әдеттегі шалғынды – қызғылт ашық топырақтар түзілген. Олар үшін топырақ түзілдіргіш жыныстар саздар мен ауыр саздақтар болып табылады. 20 – 25 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қосылып, қызып қайнайды. Қарашірік қабатының қалыңдығы 50 сантиметрге дейін жетеді. Карбонаттар 40 сантиметр тереңдіктен жалқын ұнтақ қабыршақ түрінде бөлініп шығады. Тұздар 100 сантиметр тереңдіктен ақ талшық түрінде шығады.

Шалғынды – қызғылт ашық сортаң топырақтардың қарашірік қабаттарының қалыңдығы аздау – 35 – 40 сантиметрге дейін барады. 30 сантиметрде тұз қышқылымен қосылып, қызып қайнайды. Карбонаттар 40 сантиметр және

одан да тереңдіктерде жылтыраған көздер түрінде байқалады. Топырақтарда тұздардың анық білініп жинақталуы болмайды, немесе 140 сантиметр тереңдікте ақ, күрт шытынаған ақ дақтар түрінде кездеседі. Сортаң топырақтарда сіңірілген негіздердің үлесі арта түседі. Барлық шалғынды – қызғылт топырақтар жайылымдар мен шабындықтар ретінде пайдаланылады.

Шалғынды – қызғылт топырақтар әдетте жазықтықтың тегіс су айрықтарының беткі жағымен салыстырмалы түрде алғанда әдетте жер бедерінің ойыс тұстарында: қолаттарда, құламалар мен далалық тосқындарда қалыптасады. Олар топырақтың қарашірік қабатының қарақошқыл түсіне еніп, қуаттылығы арта түсіп, беткі қабаттың түйіршіктелген құрылымына ие болады. Қарашірік қабатының төменгі бөлігінің астыңғы жағынан әдетте тұз қышқылының қайнауы байқалады.

Шалғынды – қоңыр қызғылт әдеттегі топырақтардың қарашірік қабаттарының қалыңдығы 90 сантиметр болып, 80 сантиметрде қызып, қайнайды. Карбонаттар жіңішке талшық, қарашірік қабатының жіктері түрінде бөлінеді. Тұздар болмайды.

Шалғынды – қоңыр қызғылт быршыған топырақтар сортаңдардың арасындағы тосқындарда кездеседі. Қарашірік қабатының төменгі бөлігінде жалқын түсті кремний үгінділері байқалады.

Шалғынды – қоңыр қызғылт сортаң топырақтар қолаттар мен тосқындардағы саздар мен саздақтарда пайда болады. Сумен шайылатын қабат түйіршікті – сарғылт құрылымда болып келеді. Оларда қарашірік пен азот аз болады. 10 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Ашық қызғылт топырақ белдігіндегі ойпаттар мен дала көлбеулерінің беткейлерінде әдетте *шалғынды – ашық қызғылт әдеттегі топырақтар* тән. Олардағы қарашірік қабаттарының қуаттылығы 45 – 55 сантиметрге теңеседі. Бұл топырақтардың тұзды қабаттары бір метрден де төмен түсіп кеткен. Шалғынды – қоңыр қызғылт әдеттегі топырақтармен салыстырғанда оларда да қарашірік пен азот құрамының аздығы байқалады.

Шалғынды – қызғылт ашық быршыған топырақтар шалғынды – қызғылт қошқыл быршыған топырақтарға ұқсас, бірақ оларда қарашірік қабатының қуаттылығы аз және ондағы қарашірік құрамы да аздау.

Шалғынды – қызғылт сортаң топырақтар қарашірік қабатының төменгі бөлігінде сіңірілген натрийдің айтарлықтай құрамына ие болып, бұл оның неғұрлым тығыздылығына және сарғылт құрамына негіз болады.

Барлық шалғынды – қызғылт топырақтар да ауа райының құрғақшылығы мен олардың беркінуінің аздығына байланысты жайылымдар мен шабындықтарға пайдаланылады.

Ауданның оңтүстігінде, негізінен алғанда Төменгі Хвалын жазықтығында *қоңыр - қызғылт* топырақтар таралған. Олар негізінен алғанда жеңіл механикалық құрамда болып келеді. Қоңыр – қызғылт топырақтар ашық – қызғылт топырақтардан қарашірік қабатының қуаттылығының аздығымен, тұз қышқылдарының жоғары, көбінесе беткі жақтарда қызып қайнауымен және карбонаттардың жоғары жатқандығымен ерекшеленеді. Жер асты сулары өте тереңде (10 – 15 метрден тереңде) жатып, топырақ түзілістеріне әсер етпейді.

Құмдақтарда *қоңыр – қызғылт тереңде қызып қайнайтын топырақтар* қалыптасады. Олардың қарашірік қабаттарының қуаттылығы 40 – 45 сантиметр болып, ал тұз қышқылымен қайнауы 40 – 50 сантиметрде білінеді. Суда еритін тұздар жоқ.

Қоңыр – қызғылт қалыпты топырақтар әдетте саздақ жерлерде қалыптасады. Қарашірік қабатының қуаттылығы 35 – 40 сантиметрде білініп, 15 – 20 сантиметрде тұз қышқылымен, көпшілік жағдайда беткі қабаттарда қайнайды. Қарашірік қабатының төменгі жағында қуаттылығы 50 – 70 сантиметрлік карбонатты қабат, ал оның астында жылдам еритін тұздар қабаты болады.

Қоңыр – қызғылт сортаң топырақтардың қарашірік қабаттарының төменгі жақтарында қатты тығыздалып жататындығымен және сарғылт құрылымымен сипатталады.

Қоңыр – қызғылт қарапайым топырақтар бос құмдақ түзілістерде дамыған. Олардың қарашірік қабаттарының

қуаттылығы 60 – 90 сантиметр, қарашірік құрамы аз болып келеді. 110 – 150 сантиметрде тұз қышқылымен қосылып қайнайды.

Жер бедерінің ойыс тұстарындағы қоңыр – қызғылт топырақтардың арасында жер бетінің, немесе жер асты суларынан қосымша ылғал тартатын *шалғынды – қоңыр қызғылт топырақтар* қалыптасады. Жер асты сулары әдетте күшті минералданып, 4 – 6 метр тереңдіктерде жатады. Топырақ түзілдіргіш жыныстар – тұзданған саздар мен саздақтар. Қарашірік қабаттарының үстіңгі бөлігі әдетте сортаң, ал төменгі жағы тығыз және сарғылт құрамда болып келеді.

Шалғынды – қоңыр қызғылт карбонатты топырақтар тұз қышқылымен қосылып беткі қабаттарда қызып қайнайтындығымен және неғұрлым тығыз болып келетіндігімен ерекшеленеді.

Шалғынды – қоңыр – қызғылт сортаң топырақтар 30- 70 сантиметр тереңдіктен бастап тұзды қабатқа ие болып, олардың қосымша ылғалдануы, негізінен алғанда жер асты суларымен байланысты болып келеді.

Қоңыр – қызғылт топырақтардың өсімдік жамылғылары жайылымдар ретінде, ал олардың бір бөлігі шабындықтарға пайдаланылады.

Каспий маңы ойпатының онша биік емес көлдік және өзен террасалары, ескі арналардың, көлтабандардың, құламалардың табандарында көктемгі еріген қар суларынан ұзақ уақыттар бойы ылғал тартып, жер асты суларымен қосымша ылғалданып, 1 – 2 метр тереңдіктің беткі жақтарында жататын *шалғынды топырақтар* таралған. Шалғынды топырақтарға аздаған тереңдіктердегі тотыққан және сазданған дақтар тән болып келеді.

Шалғынды қошқыл әдеттегі топырақтар орташа қызғылт топырақтар арасында болып келіп, қарашірік қабаттарының қалыңдығы 55 – 65 сантиметрге жетеді. 45 – 60 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Шалғынды қошқыл карбонатты топырақтар жер бедерінің ойпаң тұстарында қалыптасады. Карбонаттар топырақтың жағдайына қарай жинақталып, осының

салдарынан олар беткі қабаттарда тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Шалғынды қошқыл быршыған топырақтар ойыс жерлердегі саздар мен саздақтарда пайда болады. Жоғарғы бөлігінде қуаттылығы 12 – 15 сантиметр сұрғылт шым қабат. Оның астында сортаң қабат жатады. 50 сантиметрден бастап тұз қышқылымен қосылып қызып қайнайды.

Саздақ механикалық құрам жыныстарында *шалғынды ашық қалыпты топырақтар* қалыптасады. Олардың қарашірік қабаттарының қуаттылығы 40 – 50 сантиметр, оның ортаңғы бөліктері (25 – 40 сантиметр) тұз қышқылымен қосылып қызып қайнайды.

Шалғынды ашық карбонатты топырақтардың қарашірік қабаттарының қалыңдығы 70 сантиметрге дейін жетіп, олар беткі қабаттарда тұз қышқылымен қосылып қызып қайнайды. Карбонаттар 8 сантиметрден 70 сантиметрге дейін көптеген көмескі дақтар түрінде білініп, тұздардың жинақталғаны байқалмайды.

Ауық – ауық еріген қар суы басып тұратын көлтабандардың тегіс ылдиларында *шалғынды ашық быршыған топырақтар* дамиды. Оларға шым қабаттардың астында жататын жалқын қабаттардың болуы тән болып келеді.

Шалғынды ашық сортаң топырақтар неғұрлым кеңірек таралған. Олар тасқын сулар басатын Каспий маңы ойпатының ылдилы тегіс бөліктерін алып жатыр. Жаз айларында бұл сулар буланып, жер асты сулары ұдайы беткі қабаттарға құйылып тұрады. Сулармен бірге тұздар да қозғалады. Тұздар ауық – ауық көтеріліп, олардың көктемгі сулармен шайылуының арқасында тығыз қабат пайда болады. Қарашірік қабатының қуаттылығы 90 сантиметрге дейін жетеді. Тұз қышқылынан топырақ 15 – 20 сантиметрде қызып қайнап, карбонаттар бөлінбейді. Ал тұздар 90 сантиметрде қатты түйіршіктелген жиынтық дақтар түрінде байқалады. Шабындықтар ретінде пайдаланылады.

Каспий маңы ойпатының көптеген бөлігінің еңіс тұстарында өсімдіктердің өсіп – жетілуі кездерінде жер асты сулары ұдайы беткі қабаттарға серпіліп, ылғалдандырып

шалғынды ашық сортаң топырақтар қалыптастырады. Тұздар 10 – 50 сантиметр тереңдікте шөгіп, ылғалданудың деңгейіне қарай қозғалып отырады. Жайылым ретінде пайдаланылады.

Шалғынды – батпақты топырақтар кеуіп қалған су қоймаларын алып жатады. Оларға топырақтың беткі жағындағы тотыққан және күлгін дақтар және жер асты суларының жақын жатқандығы (0,5 – 2 метр) тән болып келеді.

Шалғынды – батпақты әдеттегі топырақтар көктемде тасқын сулардың жердің беткі жағын ұзақ басып жатуы мен жазда және күзде жер асты суларының жер бетіне жақын жатуы жағдайында дамиды. Олар әдетте тұщы және тұзды көлдердің өзгермейтін жағалауларында ұшырасады. Қарашірік қабаттарының қалыңдығы 20 сантиметр және одан едәуір көбірек. Қарашірік қабаттары бітісімен тұз қышқылымен қосылып қызып қайнайды. Карбонаттар мен тұздар бөлінбейді.

Шалғынды – батпақты сортаң топырақтардағы 15 – 35 сантиметр тереңдікте тығыздалған сортаң қабаттар жатады.

Шалғынды – батпақты тұзды топырақтар тұз қабаттарының молдығымен сипатталады.

Барлық шалғынды – батпақты топырақтар жайлым ретінде пайдаланылады.

Шалғынды сортаңдар көктемгі еріген қар сулары басатын тегіс ылдиларда кездеседі. Олардың беткі жақтарында өсімдік қалдықтарының төсемінен тұратын қалың емес (0,5 – 3 сантиметр) жабын, оның астында қалыңдығы 10 – 15 сантиметрлік сұрғылт, немесе қою сұрғылт түйіршікті қабат болады. Оның астыңғы жағында қалыңдығы 8 – 12 сантиметрлік жалқын тұзды қабат жатады. Одан тереңректе сарғылт құрылымдағы тығыз қабат болады. 20 – 30 сантиметр тереңдікте, ал кейде беткі жағынан тұз қышқылымен қызып, қайнайды. Шабындықтар ретінде пайдаланылады.

Ауданда қарашірік қабаты анық екі бөлікке: жоғарғы жағы – салыстырмалы түрде алғанда қопсыған сортаң – түйіршікті құрылымдағы және төменгі жағы – тығыз бағана тектес, немесе призма тектес – сарғылт құрылымдағы *сортаңдар* кеңінен таралған.

Қоңыр қызғылт тұзданған сортаңдар орташа қызғылт топырақты құрғақ далалық зонаның ауыр саздақтарында байқалады. Тұзды қабаттар 45 – 65 сантиметр тереңдікте орналасады. Қарашірік қабаттарының қалыңдығы 30 – 40 сантиметрге теңеседі. 20 – 25 сантиметрде тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Ашық қызғылт топырақтардың арасында *ашық қызғылт тұзды сортаңдар* кеңінен таралған. Олар ауыр механикалық құрылым жыныстарында дамиды. Тұздардың анық бөлінуі 35 – 45 сантиметрде білінеді. Сортаңдар астындағы қабатта оның қуаттылығы азаяды. 15 – 20 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қызып қайнайды. Қарбонаттар бөлінбейді, ал 15 сантиметр тереңдікте тұздар жіңішке талшық және дақ түрінде жатады.

Тұзды қоңыр қызғылт сортаңдар ауданда алдыңғысына қарағанда аздау таралған. Қарашірік қабаттарының қалыңдығы шамамен 40 сантиметр. Карбонаттар 10 сантиметрден бастап 40 сантиметрге дейін жалқын қалқымалы дақтар түрінде білінеді. Тұздар 30 сантиметрден бастап 40 сантиметрге дейін көптеген дақтар түрінде байқалады. Топырақ беткі жағында тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Шалғынды – қызғылт ашық тұзды сортаңдар өте жиі байқалады. Қарашірік қабатының қалыңдығы 35 – 40 сантиметр, беткі жағында, немесе 15 сантиметр тереңде тұз қышқылымен қызып қайнайды. 10 сантиметрден 35 сантиметрге дейін тереңдікте дақ түріндегі карбонаттар байқалады. 45 сантиметрден бастап 62 сантиметрге дейін тұздар ұсақ талшықтар түрінде бөліне бастайды.

Шалғынды – қоңыр қызғылт тұзды сортаңдар аңғарлардың баурайларын алып жатыр, аздап ойпаңдау жазықтықтарда да кездеседі. Қарашірік қабатының қалыңдығы 40 – 45 сантиметр болып, 17 – 25 сантиметрде тұз қышқылымен қызып, қайнайды. Карбонаттардың ең көп мөлшері 30 – 70 сантиметр тереңдіктерде жатыр.

Шалғынды – ашық қызғылт тұзды сортаңдар өте жиі байқалады. Қарашірік қабаттарының қалыңдығы 35 – 40 сантиметр болып келіп, топырақтың беткі жағында, немесе

15 сантиметр тереңдікте тұз қышқылымен қызып, қайнайды. Карбонаттар 10 – нан 35 сантиметрге дейінгі тереңдіктерде дақ түрінде болады. Тұздар 45 сантиметрден 62 сантиметрге дейінгі тереңдіктерде жіңішке талшықтар түрінде бөлінеді.

Шалғынды – қоңыр қызғылт тұзды сортаңдар ауданның солтүстігінде таралған. Қарашірік қабатының беткі жағында, немесе 5 - 10 сантиметр тереңде тұз қышқылымен қызып қайнайды. Карбонаттар 10 сантиметрден бастап ұсақ ақ дақтар түрінде, тұздар 40 – 45 сантиметр тереңдікте бөлініп тұрады.

Жоғарыда аталған сортаңдар жайылымдар ретінде пайдаланылады.

Шалғынды тұзды сортаңдар салыстырмалы түрде алғанда аздау таралған. Олар топырақтың беткі жағында, немесе 7 сантиметр және одан да тереңіректе тұз қышқылымен қызып, қайнайды. Карбонаттар бөлінбейді, болмаса 20 сантиметрден бастап білінеді. Тұздар беткі жағында жұқа қабыршақ түрінде жатады, немесе 15 сантиметрден бастап бөлінеді. Бұл сортаңдар шабындықтар ретінде пайдаланылады.

Сортаңдар Каспий маңы ойпатының шегінде жиі кездесіп тұрады. Оларда су құйылысы басым болып, топырақтың барлық қабатын тұздандыруға соқтырады. Тұздың ақ қабыршағымен көмкерілген топырақтың беткі қабаты тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Шалғынды сортаңдар жер бедерінің еңіс тұстарындағы тегіс жерлерінде олардың бет жақтарына тұздардың жинақталуы есебінен аз минералданған, жер бетіне жақын (1 – 3 метр) жер асты суларының таралуынан қалыптасады.

Босаң күйде жатады. Қарашірік қабатының қуаттылығы 20 сантиметрден 35 сантиметрге дейін жетіп, тұздар барлық бөлігінде көп мөлшерде бөлініп тұрады.

Әдеттегі сортаңдар кішігірім еңістіктерде қоршаған кеңістіктегі тұздардың шайылуы және күшті минералданған жер асты суларының құйылысы есебінен пайда болады. Барлық қиықтарда хлорлы натрий күрт басымдылық алады.

Сор сортаңдары кең таралған. Олар көктем кездерінде және қатты жауындардан соң толып қалатын тегіс, әдеттегі

үлкен ойпаңдарда пайда болады. Олар жаз айларында беткі жағын тұз қабыршағы көмкеріп кеуіп қалатын тұзды көлдер түрінде байқалады. Олардың беткі жағы босаң, үстінен жүрген кезде 5 сантиметрге дейінгі тереңдікке опырылып түседі. Олар өсіресе құмды алаптардың арасында жиі кездеседі.

Жайылмалық топырақтар өсімдіктің өсіп – жетілуінің басым бөлігінде көктемгі су тасқынының әсеріне тап болып, жер асты суларының беткі қабатқа жақындығының нәтижесінде қосымша ылғалданады. Топырақ түзілістері топырақтың беткі жағына ұнтақ материалдардың шөгуі жолымен жүзеге асырылады. Нәтижесінде жайылмаларда көбінесе көмілген жиектері неғұрлым анық білінетін топырақтар пайда болады.

Мұнда *жайылмалық шалғынды топырақтар* таралған. Олар көктемгі су көтерілген кезде тасқын сумен әкелінген өзен шөгінділерінің қуатты әсерімен қалыптасады.

Жайылмалық шалғынды ашық әдеттегі топырақтар Өзен өзендерінің жайылмаларында жиі кездеседі. Олар тұшы және аздап минералданған жер асты суларындағы саздақтар басым болып келетін топырақ түзілдіргіш қатпарлы жыныстарда қалыптасады. 50 – 90 сантиметр тереңдіктерде тұз қышқылымен қызып, қайнайды.

Жайылмалық шалғынды ашық сортаң топырақтар өзендердің жайылмаларында кездеседі. Олар бәсең және орташа минералданған жер асты суларында (жердің беткі жағына 1 – 3 метр жақын жатқан жағдайда) топырақ түзілдіруші жыныстарда саздақтардың басымдығы жағдайында пайда болады. Тығыздық және қарашірік қабатының төменгі бөлігіндегі түйіршікті – сарғылт құрылым (сортаңдық) тән. Ауданның шығысында таралған. Жайылмалық шалғынды топырақтар шалғындық жерлер ретінде басым пайдаланылып, ішінара бау – бақша өсіруге де қолданылады.

Казталовка ауданында құмды алаптар көбінесе оның оңтүстік - батыс жағында орналасқан. Бұл құмдар Төменгі Хвалын қауызының суларында өңделген өзен тасындыларынан, кейінірек желдің әсерінен пайда болған.

Шөл далалық жалды беркінген құмдар биіктіктері 2 – 4 метрден 5 метрге дейін жететін жалдардан тұрады. Жоғарғы бөліктерінің қарашіріктенуі бәсең. Олар үлкен тереңдіктегі тез ерігіш тұздармен шайылған.

Әлсіз беркінген шөл далалық жалды құмдардың өсімдік жамылғысы айтарлықтай сирек болып келіп, мал жайылған жағдайда бархандарға ауысып отырады.

Беркінген шөл далалық жалды – қазаншұқырлы құмдар ауданда кең таралған және үлкен жалды бұйраттар мен қазаншұқырлар алмасып келіп отыратын көріністе болады.

Беркінген шөл далалық қатарлы - жалды құмдар үздік – создық қатарлар мен жалды құм алаптары түрінде байқалады.

Әлсіз беркінген шөл далалық қатарлы - жалды құмдар осындай беркінген құмдардан өсімдік жамылғыларының сирек болуымен ерекшеленеді.

Құм алаптары жайылымға, ал ашықтар шабындықтарға пайдаланылады. Қазіргі кезде әлсіз беркінген құмдардың барлық түрлері де жайылым ретінде пайдаланудың тыйылуынан, немесе қауырт бәсеңсігендігін олардың беткі жағын жер үрлеп тегістеу барысында беркінген құмдарға айналу үстінде.

Өсімдік жамылғысы. Казталовка ауданының табиғатының маңызды құрамдас бөлігі ұзақ жылдар бойы құрлықтық климат жағдайында қысы ұзаққа созылатын, сондай – ақ тұтастай алғанда ылғалдылығы жетіспейтін ыстық және құрғақ құрлықтық климат жағдайында қалыптасқан өсімдік әлемі болып табылады. Өсімдіктер Күн энергиясын химиялық органикалық заттарға айналдырып, демек олардың энергиясын жинақтайды. Ол тек қана органикалық заттармен қоректену алатын жануарлардың азықтану тізбегін құрай бастайды.

Сан алуан түрлі өсімдіктердің қанат жаюы топырақ үлгілерінің таралуына, олардың механикалық құрамдарына, ылғалдану режимдеріне, тұздану дәрежесіне, сортаңдануына, жер асты суларының деңгейі мен минералдану дәрежесіне, баурайлардың көріністеріне және басқаларына байланысты. Сол себепті тіпті топырақтың бірдей үлгісі жағдайының өзінде бір жерден

екінші жерге ауысқан кезінде өсімдік жамылғысынан елеулі айырмашылық табуға болады. Аудан көлемінде өсімдік (топырақ та) екі өңірлік үлгіге: солтүстігінде шөл дала - далалық (шөлейт), ал оңтүстігінде – шөл далалық үлгіге жатады.

Ауданның солтүстік бөлігіндегі су жинақталатын кеңістіктерінде далалық өсімдіктер өседі. Даладағы қайталанып келіп отыратын ақселеулі алаптар екі фенологиялық фазаларға бөлінеді: біріншісі - қанатты ақселеулі көктемгі өсем (саздақ және құмдауыт топырақтарда әдетте бетеге боздар, ал құмдауыттарда қанатты ақселеулер) далалар және шашақты ақселеулі жазғы (садақ боз, тырсық бетеге) далалар.

Шымды өсімдіктердің басым (қайталама) топтанып өсуі далалардың бедерін жайнатып жібереді. Мұндай өсімдіктер бүкіл көктеп, жетілу кезеңінде өсіп - өне береді, бірақ олардың далалық белдікте дамуы жазғы қуаңшылық айларында (шілдеде – тамыздың бірінші жартысында) бәсеңдейді: бұл өсімдіктердің өсуінің жартылай тыныштық кезеңі деп аталады. Шөп қалыңдығының шарықтау шегі маусым айында байқалады және ол жауын – шашынның мол болуымен тұспа – тұс келеді.

Маңызы жағынан екінші кезек ауа райы құрғақшылығының арта түсуіне байланысты оңтүстікке қарай едәуір сейіле түсетін далалық түрлі шөптесін өсімдіктерге тән болып келеді. Даланың сан түрлі өсімдіктері түрлі тіршілік негіздерін құрайды және олардың таралуына жер асты суларының маңызы зор. Мәселен, далалық сан алуан өсімдіктердің құрамына сояу түбірлі өсімдіктер (мысалы, қалампыр, гүлкекіре және т.б.), тамыр сабақтылар (мысалы, бурыл бөденешөп, қызылбояулар және т.б.), атпа бұтақ сабақтылар (мыс, бөрте жусан) кіреді.

Оңтүстікке қарай жартылай бұталы өсімдіктердің маңызы артып, жусандар мен алабота тұқымдастар басымдылық ала түседі. Сайлардың бөктерлері мен дала көлбеулерінің беткейлерінде далалық жыныстар: тобылғы, шаңқурай жапырақты тобылғы, аласа бадамша, бұталы қараған және басқалары кездеседі.

Ұзақ уақыт бойы өсіп өнетін өсімдіктерден басқа, далалық өсімдіктер тобының құрамында түрліше қысқамерзімдік өсімдіктер – біржылдық (эфемерлар) және көп жылдық (эфемериодтар мен гемизфероидтар) шөптер әсіресе, ылғал көп түскен жылдары қаптап кетеді. Эфермалар мен эфемериодтар өзінің өсіп – жетілуін, жеміс беруін қоса есепке алғанда көктемнің соңына таман (мамыр айының екінші жартысы), ал гемизэфемериодтар – маусым айының соңына таман тоқтатады. Далалық түрлі өсімдіктерге қаңбаққа айналатын өсімдіктер де тән болып келеді. Бұлар (майда жапырақты аққаңбақ, кермектер, тікенді жаңғақ және басқа) түбірінен үзіліп жел соққанда даланы кезіп кететін және жерге соғылған кездерінде тұқымын шашып жүретін көп жылдық өсімдіктер.

Шалғынды қызғылт топырақты далалық тосқындардағы даланың өзіне тән өсімдіктер қауымдастығында далалық шымды астықтұқымдастар – бетеге, тырсық бетеге, бетеге боз, садақбоз және ескек еркек шөп басым болып келеді. Бетегелер мен далалық өсімдіктердің, көпшілік жағдайда шалғынды – далалық сан алуан өсімдіктердің құрамы сайлардың тереңдігіне қатысты болып келеді. Қырқалар мен сайлардың баурайларында далалық бұталы өсімдіктер кездеседі. Олардың ішінде шаңқурай жапырақты тобылғы басым өседі. Қорапты тобылғы, шілікті қараған, аласа бадамша және басқалары жиі кездеседі. Кейбір сайлардың орта тұстарында шаңқурай жапырақты тобылғы қоршай өскен итмұрын мен итжүзімнің шоғыры тұрады.

Далалық өзендер аңғарларының жанында кейде оңтүстік құрағының, жіңішке сабақты қоғаның, көл қамыстарының қалың жыныстары кездеседі. Суларда жартылай батып тұратын қопалар жиі өскен. Көлтабан ойпаңдарына бидайық және ақмамық тұқымдас өсімдіктер басым. Көлтабандардың әдетте су тұрып қалатын ойпаң жерлерінде қопалар қалыптасып, оларда оңтүстік құрағы, жіңішке сабақты қоға, көл және қамыстар өседі.

Әдетте, шөл дала өсімдіктерінің жер асты бөліктері даму қарқыны және массасы жағынан жер бетіндегі бөлігінен айтарлықтай басым болады. Тамыр жүйелерінің жақсы дамуы

өсімдіктердің топырақ ылғалын жақсы пайдалануына мүмкіндік береді.

Топырақтың тұздылығы шөл далаларда айрықша физиологиялық қасиеттердің пайда болуына мүмкіндік берді. Өсімдіктердің бәрі де өзінің бойына тез еритін тұздардың үлкен құрамын жинақтап, олардың концентраттанған топырақ құнарларын алуына жағдай жасайды. Басқалары ерекше клеткаларға ие болып, оның көмегімен тұздарды сыртқа шығарып тұрады. Ауа райының құрғақтығы топырақтың тұздылығымен бірге бұтақтануына – жинақталған судың толысқан жапырақтарда, немесе өсімдіктің түтікше саптарында дамуына әкеліп соқтырады.

Қазталовка ауданының шөл далалық бөлігі – ақ және қара жусандар қайталап алмасып келіп отыратын бұташықты жусандардың мекені. Құмдарда құм жусандары кездеседі.

Далалық көлбеу беткейлерде, сортаң топырақты аласа ойпаңдарда, сарышұнақ илеулерінде мыңжапырақты түймедақ қауымдастықтары кездеседі.

Бұл жердегі құламалар аралық кеңістіктерде кейде жапырақсыз итсигек, бұйырғын мен сарысазан қауымдастықтары дамыған.

Ақ жусанды шөл далалар неғұрлым кең таралған. Олар тегіс саздақ жерлерге де, құмдақтар мен құмды топырақтарға да және құмдарға да өседі. Бұл бұташықты өсімдіктер қауымдастығында кейде изен, ал кейде мыңжапырақты түймедақ басым ұшырасады. Кейбір жағдайларда эфедра бұташығы айтарлықтай мол болып келеді. Аздап түкті және жалаңаш төскейшөбі, ұсақ гүлді мыңжапырақ, кермек, қызғылт қызылшөп тұтаса өсетін жағдайлары кездеседі. Ерте көктемде қоңырбас, Биберштейн қызғалдағы, қос жапырақты қызғалдақ, түйнекті қазжуа қаптай өседі. Гемизфермиодтар каспий сасыры, тіс шымыры, эфермалар – құм жауылшасы, түйілген жапырақты шытырмақ, кәрікыз шөгебасы және басқалары түрінде байқалады. Жазғы – күзгі біржылдық шөптер онша көп болмайды.

Ақ жусан алаптарында бетеге, шөл дала еркекшөбі сияқты далалық өсімдіктер едәуір болады. Шалғынды –

қызғылт топырақты тосқындардың жиектерінде садақбоздар мен тырсық бетегелер байқалады.

Құмдарда құм жусаны қауымдастықтары дамып, оның құрамына аққаңбақ, гүлкекіре, көкшіл шисабақ едәуір мөлшерде болады. Құмдардың ойпаң жерлерінде әдетте қияқөлең, жапырақсыз эремспатрон, ал сортаң ойпаттарда әдетте көкпек пен бұйырған байқалады.

Қаражусан алаптары су жинақталатын кеңістіктердің жоғарғы тұстарында кездеседі. Олардың құрамында басым өсетін өсімдіктер – боз изен, қараматау, бұйырғын мен көкпек. Көктемде эфермиодтар – Шренка қызғалдағы мен Фишер құссүтігені, түйежапырақ қаптай өседі. Гемизфермиодтардан каспий сасыры, жалаңаш сасыр, түймебас, эфермалардан – бидайықты және шығыстық мортық. Жаздық – көктемдік біржылдықтардан ебелек тән. Қара жусанды алаптарға сораңдардың түрлері – климакоптер, өткір жапырақты және жапырақсыз сораң, торғай оты тән болып келеді.

Кіші өзен мен Үлкен өзен өзендері суларының кемерлерінің жандарында шілікті талдар өседі, кейде оларға итжүзім мен итмұрынның өскіндері, өте сирек болса да шомырт шоғырлары қосылады.

Казталовка ауданында Шильное ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай сайдың баурайына өскен кішігірім көк тоғай байқалады.

Жануарлар дүниесі. Шөл және шөлейт ауданының жануарлары жаратылыстың қатаң жағдайында өскен өсімдіктер қауымдастығымен қоректенуге бейімделген. Ашық ландшафт баспана табуды қажетсінеді. Сондықтан олардың көпшілігі ін қазып, немесе басқалардыкіне кіріп алады. Ал олардың бір бөлігі жер астында тіршілік етеді. Бұл жануарлардың тағы бір ерекшелігі – түстерінің топырақ пен өсімдіктерге ұқсас, біртектес болып келуі. Жазғы құрғақшылықтар кезінде көптеген жануарлар жартылай тыныс алу жағдайында болып, демек өздерінің белсенділіктерін төмендетсе, қыста ұйқыға кетеді.

Мұнда көпшілік жағдайда топтасып өмір сүретін кішкене балпақтар болып келеді. Топтасып тіршілік ету қауым

мүшелеріне төнген қатерді бір – біріне дер кезінде хабарлауына мүмкіндік беріп, індер кеміргіштерге сенімді пана болады. Балпақтардың індерінде омыртқасыз жануарлардың белгілі бір жиынтығы қоректеніп, шегірткелер, жыландар, құрбақалар бас сауғалайды. Биші шақшақай ұя салады.

Кейбір жерлерде кейде аз, кейде көп мөлшерде жер астында өмір сүретін қарапайым соқыр жәндік кездеседі.

Індерді мекендейтін ұсақ кеміргіштер әлемі бай: атжалман, кішкене тышқан, құмтышқан, тұз тышқаны және басқа тышқандардың көптеген түрлері кездеседі. Індерді мекендейтін ұсақ жәндіктердің барлығы да адамға аса қауіпті ауырулардың табиғи ошақтарын қалыптастырып, сақтаушылары және тасымалдаушылары болып табылады.

Өсімдіктердің солып қалған бөліктері мен топырақтың жоғарғы қабаттарында көптеген аяққұйрықтылар, топырақ бүргелері, құрттар, балаңқұрттар, зауза қоңыздары және көң қоңыздары, шыртылдақ қоңыз, қара қоңыз, тозаңдық, екі қанатты балаңқұрттар мен көбелектер және басқалары болады.

Кеміргіштерден басқа жасыл желекті түрлі көкқасқа шегіртке және инелік, жапырақ жегіш қоңыздар мен көбелек жұлдызқұрттары жартылай жеп отайды. Олармен қатар өсіп тұрған өсімдіктерді соратын көптеген жәндік топтарын еске түсіруге болады – олар: цикадалар, кілегейлер, шіркейлер, кенелер, шашаққанат көбелектер.

Барлық жерлердегідей мұнда азығын аулап жейтін жыртқыш аңдар беркініп алған. Аңдардың қоректену нысаналары кең ауқымды. Бұл жерлерде түрлі омыртқасыздар мен қанқасыздарды, тағы басқаларын аулайтын жыртқыш құмырсқалар, жүрдек қоңыздар, жеке жүрген жабайы араларды кездестіруге болады. Сулар мен олардың төңірегінде инеліктер қанат қағады.

Шөптесін өсімдіктерді даланың жүрдек жануарлары – мыңдаған киіктердің табыны жайлайды. Барлық жерде дерлік ор қоян болады.

Өсімдіктер қауымдастығындағы өсімдіктермен қоректенетін құстардан шөл және шөлейт далаларды сұр шіл, бөдене мекендейді.

Көптеген құстар аралас тамақпен қоректенеді. Олар өсімдіктердің дәндерін теріп, құрт – құмырсқаларды, жәндіктерді, сонымен қатар ұлулар мен құрттарды аулайды. Талғаусыз қорек ететін құстардың кең көзге түсетіні – бозторғайлар. Мұндай құстардың көптеген түрлері барлық жерде де тіршілік етеді. Көптеген жерлерде тұз бозторғайы, кішкене айдарлы бозторғай, қара алқалы бозторғай, дала бозторғайлары жүреді. Құстардың әрбір түрі даланың түрлі қапталдарына үстемдік етеді. Аудандағы бәрін де қорек ететін құстың үлкені – бөдене. Аздап та болса ақбас тырна ұя салады.

Қосмекенділердің түрлері онша көп емес: су қоймалары мен сызды жерлерді әдеттегі көл бақасы, су қоймаларынан алыстау жерлерді кәдімгі құрбақа мекендейді. Аудандағы шөлейт алаптардың тоғысатын жерлерінде түрлі түсті аусыл, сұр кесіртке, өрнекті әбжылан мен дала сұр жыландары болады. Кіші Өзен мен Үлкен өзен өзендерінің далалық аңғарларында кәдімгі жылан мен су жыландары болады. Бұл далалық өзендерде батпақ тасбақасы көп болып келеді.

Ұсақ жыртқыштар арасында кәдімгі күйкентай, бөктергі, ал ірілерінің ішінде жамансары, дала қыраны, кейде қара құс бүркіт кездеседі. Жалпақтал ауылының қасындағы Үлкен өзенге салынған көпір астына кейбір жылдары қалалық қарылғаштар ұя салса, ал жағалауларды азығын ұшып бара жатып табатын аудандағы құстардың неғұрлым қарапайым түрлері ауылдық қарылғаштар мекендейді. Далаларда әсіресе, кешкілікте қойлар өрістен қайтқанда көрініп, осындай жануар сүтімен қоректенетін ешкіемер ұя салады.

Қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, борсық, ақиіс, аққұлақ аудан аумағына тән сүт қоректі жыртқыштар.

Ауданның оңтүстігіндегі құмдарында үлкен және кішкене қосаяқтар, кішкене тарбаган, тақылдағыш қосаяқ және басқалары тіршілік етеді.

Су қоймаларында суда және су маңында тіршілік ететін құстар әлемі бай. Мұнда үйректер, көк құтандар, шағалалар, қарқылдақ шағалалар, шалшықшылар тіршілік етеді. Олардың кейбір түрлері топтасып өмір сүреді. Кіші өзен мен Үлкен өзен өзендері балық қорының және түрлерінің молдығымен ерекшеленеді. Өзеннен негізінен ауланатын балықтар:

көксерке, беріш, алабұға, шортан, сазан, жайын, шабақ, қаракөз және басқалары. Үлкен өзен өзеніне Волга өзені арқылы каналдар жүйесімен Каспий теңізі – көлінен ине – балықтың келгендігі байқалды.

Ауданның басқа да кеуіп қалмайтын су нысандарында балықтың түрлері күрт азайып барады. Бірақ та оларда: сазан, шортан, алабұға, торта балық, табан, қара балық және басқаларының мол қоры бар.

Әдебиеттер және деректер тізімі:

1. *Агроклиматические ресурсы Уральской области.* Л., Гидрометеиздат. 1973. 128 с.
2. *Агроклиматический справочник по Западно-Казахстанской области.* Алма-Ата, 1960. 127 с.
3. *Аглонов С.В. Геодинамика.* СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та. 2001. 360 с.
4. *Беспалов В.Ф. Геологическое строение Казахской ССР.*
5. *Бочкарева Н.А., Сдыков Ж.С., Джангирьянц Д.А. Подземные воды Прикаспийской впадины и ее восточных обрамлений.* Алма – Ата, Наука. 1973. 228 с.
6. *Географический энциклопедический словарь.* М.: Советская энциклопедия. 1989. 592 с.
7. *Геология СССР, т. XXI, Западный Казахстан.* М., Недра, 1970.
8. *Гросвальд М.Г. Последнее великое оледенение территории СССР.* М., Знание. 1989. *Науки о Земле, 10.* 48 с.
9. *Дебело П.В., Булатова К.Б. Животные Западно-Казахстанской области. (Позвоночные. Насекомые).* Уральск, 1999. 212 с.
10. *Джубанов А.А. Климат и воды //Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области.* Уральск, 1998. С. 43 - 57 с.
11. *Джубанов А.А. Растительный и животный мир, их охрана // Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области.* Уральск, 1998. С. 57 – 73 с.
12. *Джубанов А.А. Краткий обзор теорий происхождения степных микропонижений Северного Прикаспия. //Итоги геогр. исследований.* Уральск, 1998. С. 33-37.
13. *Джубанов А.А. Некоторые краеведческие аспекты самостоятельной работы по биогеографии //Географический сборник. Изд. центр Зап.-Каз. гос. ун-та им. М. Утемисова, Уральск, 2005. С. 55 – 123.*
14. *Джубанов А.А. Речные ландшафты Западно-Казахстанской области //Горизонты географии.* Уральск, 2006. С. 48 – 51.
15. *Джубанов А.А., Петренко А.З. География наиболее редких видов кустарников и деревьев Западно-Казахстанской области. // Географ. пробл. устойчивого развития.* Уральск, 2001. С. 108 – 120.
16. *Димо Н.П., Келлер Б.А. В области полупустыни.* СПб, 1907.
17. *Доскач А.Г. Природное районирование Прикаспийской полупустыни.* Наука. М., 1979. 142с.
18. *Иванов В.В. Определитель деревьев и кустарников.* Уральск, 1949. 47 с.
19. *Иванов В.В. Физико-географический очерк Западного Казахстана //Географический сборник. М. – Л.; 1953. Вып. 2. С. 5 – 51.*
20. *Иванов В.В. Степи Западного Казахстана в связи с динамикой их*

- покрова. // Записки геогр. об-ва, нов. серия, т. 17. М. – Л.: 1958. 288 с.*
21. *Иркалиева Р.М. Позвоночные животные Западно-Казахстанской области //Природно-ресурсн. потенц. и проектир. объекты заповед. фонда Зап. – Каз. обл. Уральск. 1998. С. 139 – 144.*
 22. *Кабдулова Г.А. Рельеф, геология и полезные ископаемые. // Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998. С. 27 - 42 с.*
 23. *Камалов С.К., Ли К.А. География размещения месторождений полезных ископаемых Уральской области и их народнохозяйственное значение. Диалог, Уральск. 1992.*
 24. *Колебания климата за последнее тысячелетие.* Л., 1988
 25. *Котин Н.И. Почвы Казахской ССР. Вып. 9. Уральская область. Алма-Ата, 1967. 348 с.*
 26. *Липатова В.В. Субаридные и аридные поймы //Растительность Европейской части СССР. Л., Наука, 1980. С. 358 – 372.*
 27. *Марков К.К., Величко А.А., Лазуков Г.Г., Николаев В.А. Плейстоцен. М., Высшая школа. 1968. 304 с.*
 28. *Михайлов В.Н., Добровольский А.Д. Общая гидрология. М., Высшая школа. 1991. 368 с.*
 29. *Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М.: Мысль. 1984. 653 с.*
 30. *Нурмамбетов Э.И. Прикаспийская аккумулятивная равнина // Рельеф Казахстана. Алма – Ата, 1991. Ч. 2. С. 144 – 156.*
 31. *Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998. 176 с.*

КАЗТАЛОВ АУДАНЫ. ТАБИФИ МҰРА НЫСАНДАРЫ



МАСШТАБ 1 : 650 000

БОТАНИКАЛЫҚ

- 1. Шильная балка мекені.
- 2. Қайыңды ауылы маңындағы тамырсыз вольфия өсімдігі.
- 3. Сарықұдық бидайықты көлтабандары.

ЛАНДШАФТЫ-БОТАНИКАЛЫҚ

- 4. Қараоба бетегелі даласы.

ЛАНДШАФТТЫҚ

- 5. Фурманов көлтабаны.
- 6. Үлкен көлтабаны мекені.
- 7. Богатырев кешенді даласы.

РЕКРЕАЦИОНАЛЫҚ ТАБИФАТ РЕСУРСТАРЫ

- Дала өзендері.
- ⊕ Бальнеологиялық ресурсты рекреациялық нысандар.
- Тың дала көрністері.
- ⊖ Дала көлдері.
- Ⓐ Тарихи-археологиялық ландшафт нысандары.

ЛАНДШАФТТЫҚ БӨЛІНУЛЕР

- 1. Солтүстік-Волга-Орал тегіс жазықты шөлейтті ландшафтық провинция.
- 1. Жәнібек тегіс жазықты ландшафт ауданы.
- 2. Аралсор ойпатты-шұңқырлы ландшафт ауданы.
- 3. Өзен маңы беткейлі тегіс жазықты ландшафт ауданы.
- 4. Төменгі өзен тегістолқынды ойысты-атыраулы-көлтабанды ландшафт ауданы.
- 5. Шешін-Балықты көлтабанды – тегіс жазықты ландшафт ауданы.
- 6. Солтүстік-Орал-Көшім тегіс жазықты ойысты-атыраулы ландшафт ауданы.

ЛАНДШАФТ ШЕКАРАЛАРЫ

- ландшафт аудандар шекаралары
- I – ландшафт провинция немірі
- 1-6 – ландшафт аудандар нөмірлері

1.2. Ландшафты әр түрлілігі

Казталовка ауданының аумағы негізінен алғанда теңіз суынан арылғанына көп болмаған Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан. Бұл ландшафт тұрғысынан алғанда табиғи кешендердің әралуандығын айқындайды. Аудан аумағы көлтабандардан, сорлардан және көл шұқырлы ойыстардан тұрады. Шашыраңқы жатқан жекелеген кішігірім көл шұқырлары мен сор ойпаңдары, Үлкен және Кіші Өзендердің және басқа өзендердің аралықтарындағы аңғарлар түріндегі Балықты, Шешін жайылмаларын ірі табиғат кешеніне жатқызуға болады. Жер бедерінде көптеген көл шұқырлары бар көлтабан үлгісіндегі ойпаңдар басым болып келетін жазықтықтар кең таралған.

Табиғи жағдайлардың ерекшеліктері ауданды далалық және шөлейт аймақтарға тән ғажап экожүйесі, сондай – ақ флора мен фаунаының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері таралған биологиялық және ландшафт әралуандығымен маңызы бар аймақ ретінде айқындауға мүмкіндік береді.

Аумақтың басты ландшафтық шегі табиғи зоналар аралығындағы шекаралар болып табылады. Олар ең әуелі, климаттық жағдайларымен ерекшеленіп, бірақ өсімдіктер мен топырақ жамылғыларының аймақтық үлгілерінің ауысуы түрінде байқалады. 1989 жылы жарық көрген “Орал облысында табиғатты қорғау” картасы бойынша аудан аумағының шегінде жазықтыққа қарай даланың оңтүстік жартылай белдігі және шөлейт табиғат зонасы орналасқан.

Даланың оңтүстік жартылай зонасы ауданның шағын солтүстік бөлігін алып жатыр және қоңыр қызғылт және ашық қызғылт топырақтардағы бетегелі – ақселеулі топырақ - өсімдік жамылғысы түрінде байқалады. Ал оңтүстікке қарай оңтүстік далалық зона шөлейт зонаға ауысып, өтпелі болғандықтан, топырақ - өсімдік жамылғысында негізінен алғанда садақбоз аралас өсімдіктер қауымдастығы жусанды – бетегелі болып байқалады. Көлтабан ойпаңдары мия –

арпабас аралас бидайықты өсімдіктер өскен шалғынды топырақты болып келеді. Сор ойыстарында тұзға төзімді өсімдіктер, ал көл шұқырларының айналасында құрақ өскіндері кездеседі.

Ландшафт провинциялар

Батыс Қазақстан облысының табиғи аудандастырылуының нұсқасы бойынша (Чибилев, Дебело, Рамазанов, 2002, Рамазанов, 2002; Чибилев, Дебело, 2006) ауданының аумағы Солтүстік – Волга - Орал тегіс жазықты провинциясының шегінде.

Солтүстік – Волга – Орал тегіс жазықты провинциясы ауданның барлық дерлік аумағын алып жатыр. Жерінің беткі жағы ерте Хвалын кезеңінде қалыптасқан терең емес ағыссыз ойпаңды теңіз тұнбалы жазықтық түрінде байқалады. Бұл ағыссыз ойпаңдар Доскачтің (1954, 1979) тұжырымдауынша көлтабандар – бірнеше ондаған километрлерге дейін созылатын онша терең емес (4 метрге дейін) ойпаңдар түрінде байқалады. Олардың бір бөлігі тұйық болып келіп, ежелгі эрозияны түзілімдердің жұрнағы түрінде байқалады. Ал басқаларының түп негіздері эрозияны үлгіде болып, теңіз түптері мен ежелгі сағалардың тегіс емес асты болып табылады. Кейбір жерлерде ежелгі палеозой мен мезозой жыныстарының қалдық тастары, жарылған жарықтарының және үйінділерінің жиынтығынан қалыптасқан тұз күмбездері бар (Доскач, 1956).

Жер бедерінің қалыптасуына қазіргі заманғы рельефте сайлар мен жырақаналар түрінде байқалатын өзендер зор ықпал еткен. М.М.Жуковтың (1945) пікірінше, Хвалын теңізі регрессиясының Богардай фазасы кезінде Үлкен және Кіші Өзендердің, Ащыөзек өзендерінің атыраулық тарамдануы болды.

Аумақ дамуының геологиялық тарихы белгілі бір дәрежеде беткі қабаттардағы тұнбалардың литологиясы мен механикалық құрамын айқындайды. Ертхвалындік басым жинақталған саздақтарды теңіз тартылғандағы тайыз суда қалыптасқан жас құмдақтар оңтүстікке қарай біртіндеп

алмастыра береді және ең қиыр оңтүстік провинцияда кеш хвалындік құмдар басымдылық алады.

Климаттық тұрғыдан алғанда провинция даланың оңтүстік жартылай зонасына қарағанда неғұрлым құрлықтық ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ең суық айдың (қаңтар) орташа температурасы солтүстікте 11 °С бағанасынан 13, 2 °С бағанасына дейін, ыстық (шілде) - 23 °С бағанасынан + 24,5 °С бағанасына дейін болады. Орташа жылдық температура 6,2 °С. 10 °С бағанасынан жоғары температураның осы кезеңдегі жиынтығы 3000 градустан 33000 градус аралығында құбылып, өсімдіктердің өсіп – жетілу кезеңі 210 – 230 күнге дейін созылады. Ылғалдың орташа жылдық мөлшері оңтүстікке қарай азая түсіп, 275 миллиметрден 233 миллиметрге дейін болады. Қар жамылғысының биіктігі орташа 15 – 25 сантиметрге дейін барады.

Шөл далалар зонасы шегіндегі топырақ - өсімдік жамылғысында Иванов (1958) үш жазық зонаны бөліп көрсетеді: даланың жусанды – астықтұқымдас өсімдіктер өсетін солтүстік зонасы сырт жазықтықтарының қызғылт қоңыр саздақ топырағына қатысты болса, кешенді далалардың орталық зонасы – сортаң ашық қызғылт саздақ топыраққа, жусанды – астықтұқымдас өсімдікті даланың оңтүстіктегі кең байтақ зонасы ашық қызғылт құмдауыт топырақпен байланысты болып келеді.

Аумақтың топырақ жамылғысы жастығымен, тұздылығымен және аса кешенділігімен ерекшеленеді. Мұндағы топырақтың өңірлік үлгісі ашық қызғылт, сондай – ақ кейбір тұстарда ойдым дақ түрінде топырақтардың басқа түрлері де кездесіп отырады.

Ивановтың (1958) тұжырымдауынша өсімдік жамылғысында жусанды – астық тұқымдас өсімдікті далалардың үлесі басым. Далалық ойпаңдарда бидайықты, бидайықты – арпабасты, еркек шөпті аралас өсімдіктер таралған.

Солтүстік – Волга – Орал тегіс жазықты шөлейт провинция Казталовка ауданында мынадай ландшафт аудандары түрінде байқалады: Жәнібек тегіс жазықты, Аралсор тұрақты

– қазаншұқырлы, Өзен жағалаулық еңіс – тегіс жазықты, Шежін – Балықты көлтабанды – тегіс жазықтықты, Төменгіөзендік тегіс толқынды қолатты – атыраулы – көлтабанды және Солтүстік – Орал – Көшім тегіс жазықты қолатты – атыраулы.

Жәнібек тегіс жазықты ландшафт ауданы Казталовка ауданының шегінде Ащыөзен және Кіші Өзен өзендерінің аралықтарындағы кішігірім шығыс бөлік түрінде көрінеді. Жер бедерінде оңтүстікке қарай еңіс болып келетін тегіс жазықтықты алап басым болып, абсолюттік биіктігі 25 тен 42 метрге дейін ауытқиды. Оңтүстігіндегі кейбір жерлерде кішігірім сор ойыстары кездеседі. Тектоникалық тұрғыдан алғанда ежелгі (төрттікке дейінгі) Жәнібек – Орда қырқалары мен Ашыөзек ойпатын (Мещеряков, Брицина, 1954) қамтиды.

Топырақ түзілдіруші жыныстары саздар мен ауыр саздақтар болып келеді.

Топырақ - өсімдік жамылғысында ашық қызғылты топырақтағы ақ жусанды – бетегелі өсімдіктермен аралас ашық қызғылт сортаң топырақтардағы жусанды – бетегелі өсімдіктер жабыны басым. Ал Кіші Өзен өзеніне жақындағанда тұзды сортаңдардағы қараматаулы – қара жусанды кешендердегі сортаңға өскен қара жусан алаптары басым болып келеді.

Аралсор тұрақты – қазаншұқырлы ландшафт ауданы Казталовка ауданының шегінде Ащыөзен және Кіші Өзен өзендерінің аралықтарында орналасқан. Ландшафт ауданының беткі жағы оны кесіп өтетін сор ойысына қарай еңіс тегіс жазықтық болып келеді. Сор ойпаңдары негізінен алғанда ауданның оңтүстігінде кездесіп, көпшілік жағдайда айналаны нөлдік көлбеуде алып жатады. Абсолюттік биіктік 6 дан 30 метрге дейін ауытқиды. Микрорельеф болар - болмас білінеді. Кейбір жерлерде төбешік түріндегі шағын көтерілімдер кездеседі.

Ландшафт ауданы үш тармақты кешендермен кешенді жазықтықтар түрінде байқалады. Топырақ - өсімдік жамылғысында түймедақ, еркек шөп, аздап изен аралас жусанды – бетегелі өсімдіктердің астында жатқан шалғындық

белгісі бар ашық қызғылт топырақ басым. 20 – 30 пайызы ашық қызғылт топырақтар кешенінен тұратын сортаңдардың өсімдік жамылғысы қара жусан, изен, кермек және сораңдар болып келеді. Сайлар мен құламаларда жусаннан, бетегеден, ақ селеуден, еркек шөптен, миядан, шисабақтан және басқаларынан тұратын неғұрлым шүйгін шөпті шалғынды қызғылт топырақтар қалыптасқан. Шағын төбешіктер – көтерілімдердің айналасына боз жусан, ебелек, сораң аралас қара жусан өседі.

Топырақ түзілдіруші жыныстар солтүстік бөлікте саздар болып келіп, оңтүстікке қарай ауыр саздақтарға ауысады.

Өзен жағалаулық еңіс – тегіс жазықты ландшафт ауданы Кіші – және Үлкен Өзендер аралығындағы су айрығы жазықтығының орта ағысының тұсында орналасып, геоморфологиялық – тектоникалық тұрғыдан алғанда жазықтықтың солтүстік – батыс бөлігін қамтып, Кішіөзендік жаңа көтерілімге (Мещеряков, Брицина, 1954) жатады.

Жазықтықтың қалған бөлігі Кіші өзен қырқасы мен Шежін жайылмаларының құламасы аралығындағы ауыспалы зонаға жатады. Жазықтықтың жер бедері оңтүстікке қарай еңіс және абсолюттік биіктігі 20 метрден 5 метрге дейін төмендейді. Ауданда көлемі 0,5 – 2,0 километр болатын тұйық тегіс құламалар және Хвалын теңіз шөгінділерінің жабынымен жабылған тұз күмбездерінің көтерілімдері араласып отыратын Кіші және Үлкен Сорлы Сакрыл, Балықты Сакрыл тұшы және ащы көлдерінің жекелеген құламалары кеңінен таралған (Доскач, 1954). Жазықтықтың сипатты белгісі диаметрлері бірнеше метрге, тереңдігі 15 – 30 сантиметрге дейін баратын сайлардан, сондай - ақ қазғыш саршұнақтар әрекетінен пайда болған, биіктігі 30 – 40 сантиметрлік кішігірім төбешіктерден тұратын жақсы жетілген микрорельефтер болып табылады. Оңтүстікке қарай микрорельеф біртіндеп тегістеліп кетеді.

Топырақ түзілдіргіш жыныстар – орташа саздақтар, кейбір жерлерде беткі жағынан ауыр саздақтармен жабылған.

Аудандағы басым топырақтар сортаңдар мен және шалғынды қызғылт топырақпен бірге кешен құрайтын ашық – қызғылт сортаңдар болып келеді.

Өсімдіктер қауымдастығы шалғынды топырақтағы ұсақ және бидайықты сортаңдағы қоңырбасты – қара жусанды кешенмен араласқан ашық қызғылт топырақтағы ақ жусанды – еркек шөпті қосындылардан тұрады. Солтүстік – батысында Кіші Өзен өзенінің аңғарына таяу шалғынды – қызғылт топырақтардағы миялы – бидайықты, миялы – қарабас шалғалы өсімдіктер шоғыры кездеседі.

Шежін – Балықты көлтабанды – тегіс жазықтықты ландшафт ауданы. Ландшафт ауданына Үлкен Өзен мен Шежін, Балықты жайылмаларының өзен аралықтарындағы кешенді жазықтықтар кіреді. Тектоникалық тұрғыдан алғанда аудан Шежін – Дюринск – Балықты депрессиясы шегінде орналасып, неғұрлым терең бөлігі Шежін – Дюринск – Балықты көлтабандар жүйесін алып жатыр. Тектоникалық (тұз күмбезді) сипаттағы тұйық көлтабандар басым таралған (Доскач, 1956). Бұл тұйық ойпаңдардың тереңдіктері 3 – 4 метр құрап, бірнеше ондаған километрлерге созылады. Ауданның солтүстік бөлігі біртіндеп сырт алды жазықтыққа ойысып, онда оның беткі жағын көптеген кішігірім көлтабандар, шалғынды ойпаңдар айшықтап, микрорельев жақсы дамыған. Жазықтықтың абсолюттік биіктігі 10 - нан 20 метрге дейін ауытқиды.

Топырақ түзілдіргіш жыныстар көпшілік жағдайда қатпарлы қабаттар болып келетін хвалын саздақтары мен саздары болып табылады.

Беткі жақтарын тасқын сулардың басуы және жер асты суларының көп болуы топырақтың дамуында гидроморфологиялық ылғалдануға ықпал етіп, топырақ шалғынды өсімдіктер астында дамиды. Көлтабандарға шалғынды – сортаң және сортаң топырақтардағы бидайықты және ақмамықты шалғындар өсіп, ал көлтабандар аралық кеңістіктерде үш тармақты және төрт тармақты кешендердегі қара жусанды – көкпекті шөлейт дала кешендері, солтүстікте қара жусан алаптары, оңтүстік – шығысқа қарай еркек шөпті – төскей шөпті өсімдіктер аралас қауымдастықтар таралған. (Петренко, 1998).

Төменгіөзендік тегіс толқынды қолатты – атыраулы – көлтабанды ландшафт ауданы Казталовка ауданының

шегінде шағын солтүстік бөлік түрінде байқалады. Ландшафт ауданы Кіші және Үлкен Өзендердің аралығындағы төменгі ағыс тұсына орналасып, оңтүстігінде Қамыс – Самар депрессиясын қамтиды. Бұл Үлкен және Кіші Өзендердің атыраулық тармақтанып, ағыссыз қазаншұқырлар жүйесін құрайтын тұсы.

Бұл аумақтың солтүстігі көптеген қазаншұқырлар жүйесі тоғысып, көлтабандармен, жыралармен және салалармен қосылып жатқан құрғақ және кеуіп қалған көлдер алып жатқан абсолюттік биіктігі 0 – 5 метрлік өзенаралық жазықтықтың төменгі бөлігі. Бұл қазаншұқырлар көпшілік жағдайда жайпақ, онша терең емес (3 метрге дейін) ойпаңды болып келіп көлемдері 200- 300 метрден 4 километрге дейін барады (Чибилев, Дебело, 2006).

Топырақ түзілдіргіш жыныстары орташа саздақтар, оңтүстікке қарай топырақ аралас құмдақтар болып табылады.

Топырақ - өсімдік жамылғысы орташа саздақтар, ал оңтүстікке қарай құм аралас қабаттар көмкерген құмдақтар болып табылады.

Топырақ - өсімдік жамылғысы шалғынды сортаңдағы еркек шөпті және қызғылт қоңыр сортаң топырақтағы жусанды – қарабас шалғалы кешендегі тайыз тұзды сортаңдағы қара жусанды – көкпекті қалыңдық түрінде байқалады. Ылди жерлерде ақ жусан, қоңырбас, алабота, сорлар мен көлдердің жайпақ баурайларында жыңғыл аралас кермек өскен шалғынды сорлы – сортаңды құмдауыт топырақтар таралған. Сорлы ойпаңдардың шет жақтарында тұзды жер өсімдіктері өскен сортаңдар қалыптасқан.

Сорлы ойпаңдар алабы киіктердің таралып, көбейетін жері болып табылады. Сондай – ақ Кіші және Үлкен Өзендердің сағаларындағы тұшы көлдерде суда жүзетін құстардың көптеген түрлері, соның ішінде сирек кездесетін түрлері де ұшырасады.

Солтүстік – Орал – Көшім тегіс жазықты қолатты – атыраулы ландшафт ауданы Казталовка ауданының шегінде шағын оңтүстік - батыс бөлікке сұғынып, Балықты жайылмалары мен Көшім өзенінің орта ағысы аралығына жіңішке жолақ түрінде орналасқан. Ауданның негізгі бөлігі

рельефте байқалмайтын жаңа Көшім – Сургузком қырқасында жатыр (Мешеряков, Брицина, 1954).

Ландшафт ауданының беткі жағы аласа кең толқынды және ірі қалқымалы құламалар өрнектеген, абсолюттік биіктіктері солтүстікте – 10 метр, орталық бөлікте – 7 – 8 метрден батысқа және шығысқа қарай 5 метрге дейін төмендей түсетін су айрығының тегіс жазықтығы түрінде байқалады. Ол Балықты жайылмалары мен Көшім өзеніне қарай аздап еңіс құрайды. (Пачкина, Бакенов, 1982).

Топырақ түзілдіргіш жыныстар саздақтар, немесе ауыр құмдақтар болып табылады. Рельефтің көтерілімді элементтеріндегі топырақ - өсімдік жамылғысында сортаң сорлардағы итсигекті – қара жусанды шөптермен араласқан сортаң сорлы жерлердегі қара жусанды – көкпекті алаптар таралған. Ал ылдиларда шалғынды сортаң бидайықты және шалғынды тұзданған сортаңдардағы ащы жусанды – ақмамықты кешендерде өскен сортаң жерлердегі ащы жусанды өсімдіктер таралған. Сондай – ақ кейбір жерлерде шалғынды топырақтағы миялы – ескек бидайықты шоғырлар кездеседі. Көлтабан ойпаңдарында бидайықты және ақмамықты өсімдіктер өскен.

1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері

Ландшафтың түрліше сипатты ерекшеліктері, сондай – ақ тамаша табиғат нысандары мен рекреациялық табиғи ресурстар Казталовка ауданының аумағы шегінде табиғи мұра нысандарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Ауданның табиғи мұралары нысандарының кадастры 2001 жылы құрамында А.З.Петренко, А.А. Жұбанов, М.М. Фартушина, Д.М. Чернышев, Ж.М. Төбетовтер болып авторлар ұжымы жазған “Батыс Қазақстан облысының Жасыл кітабы”, сондай – ақ автордың экспедициялық бақылаулары негізінде жасалды.

1. Шилі сай (Шильная балка) мекені. Солтүстік – батыстан оңтүстік – шығысқа қарай созылып жатқан көлтабан ойпаңының шет жағында сирек кездесетін итмұрын мен итжүзім жыныстарымен қоршалған кішігірім көк терек тоғайы

өскен. Теректердің діндері жайыла өсіп, ағаштары майыса қисық біткен. Ағаштардың биіктігі 3 – 4 метр. Жобалық жамылғысы 10 – 15 пайыздық шөп өскіні сирек кездесетін түрге жатады. Көкшіл қожақат басым өскен. Орман шоғырының айналасында түрлі шөптесін – астық тұқымдас шалғын өсіп, оның құрамында өзексіз арпабас, сасықшөп, ашы мия, аласа айрауық, марал оты, қасқыржем, бөденешөп, қара алқа және басқалары басым болып келеді. Бұл шалғындардың жобалық жамылғысы 70 – 80 пайыз құрайды. Барып көрген кезде орман шоғырында кесілген іздер байқалды. Орман шоғыры Шилі сай (Шильная балка) ауылынан солтүстік – шығысқа қарай 3 километр жерде орналасқан. Аумағы 0,4 гектар шамасында. Миронов ауылдық округінің аумағы. Ескерткіш түрі – ботаникалық.

2. Қайыңды ауылының қасындағы тамырсыз балдыршөп. Бұл кішкентай, жасыл су өсімдігі – Батыс Қазақстан облысындағы өте сирек түр. Бұл өсімдікті оның құрамында құнарлы заттар болғандықтан суда жүзетін құстар, сазкәмшат пен ондатралар сүйсіне жейді. Медицинада ангин, тыныс алу жолдарының сырқаттары, ревматизм, күйе сырқаттарына нығайтқыш дәрмек ретінде қолданылады. Әзірге бұл өсімдік өсетін бір ғана жер Қайыңды ауылынан оңтүстікке қарай Үлкен өзен затондарында ғана табылып отыр. Аумағы 0,15 гектар. Березин ауылдық округінің аумағы. Ескерткіш түрі – ботаникалық.

3. Сарықұдықтың бидайықты көлтабандары. Балықты жайылмасының оңтүстік бөлігі негізінен алғанда жекелеген көлтабан ойпаңдары болып келіп, өсімдік жамылғысында бидайықты шөптер басым келеді. Жердің жобалық жамылғысының 60 – 70 пайызын алып, кейбір жерлерде одан да қалың өсетін жатаған бидайықтар тұтастай ашық жасыл кілем тектес болып жатады. Шөптің биіктігі 1 – 1,5 метрге дейін барады. Бидайықты көлтабандар жоғары және азықтық қуатталығы мол өнім беретін тамаша шабындықтар болып табылады. Жекелеген бидайықты көлтабандар бір – бірінен жайылмалардың неғұрлым жоғары және күшті тұзданған жерлерінде өскен бұйырғын алаптары арқылы бөлініп

жатады. Бидайықты көлтабандардың шет жақтары шешек атып, жеміс берер кездерде қызғылт жолағы бар ақшыл гүл шоғырын құрайды. Сарықұдық ауылының оңтүстік – батысындағы 1,5 километр жердегі бидайық көлтабандарын өзіне тән ерекшелігі бар өсімдіктер шоғыры ретінде бөліп көрсетуге болады. Аумағы 3 гектар. Талдыапан ауылдық округінің аумағы. Ескерткіш түрі – ботаникалық.

4. Қараоба бетегелі даласы. Казталовка ауданының солтүстік – батысында, шөлейт зонада, Каспий маңы ойпатының биік тұсындағы қызғылт топырақтағы бетегелі далада қалыптасқан. Олар мұнда шалғынды – қызғылт топырақта дамыған түрлі шөптесін – астықтұқымдастар қауымдастығында даланың бұташықты өсімдіктері (тобылғы және кейбір жерлерде итжүзім) өскен ойпаңдарды (құламаларды) қоса үлкен аумақты алып жатыр. Кейбір жерлерде қызғылт топырақтағы шашақты бетеге аралас өскен далалар ұшырасады. Бетегелі далалардың жобалық жамылғысы 60 – 70 пайыз. Қараоба ауылынан батысқа қарай 15 километр жерде тың далалық бөліктер кездеседі. Аумағы 50 гектар. Қараоба ауылдық округінің аумағы. Ескерткіш түрі – ландшафты - ботаникалық.

5. Фурманов көлтабаны жайылмалар құрайтын Үлкен Өзеннен су қабылдайды. Ф.Я. Левина (1956) көлтабанның өсімдік жамылғысында үш түрді – жатаған бидайықты, ақмамықты және астық тұқымдас өсімдіктер аралас сортаң жусанды бөліп көрсетеді. Солтүстік – шығыс бөлікте көлтабанды шалғынды тұзды – сортаңды топырақтағы ақмамықты және сортаң жусанды өсімдіктер жапса, батыста шалғынды тұзды – сортаңды топырақтағы ақмамықты шалғындар басым. Оның қапталында бидайықтар, сондай – ақ аласа бидайықты, еркек шөпті және сораңды астық тұқымдас – сортаң жусанды шөптер көрінеді. Кейбір жерлерде батпақты жер өсімдіктері қараңқой мен құрақ аралас субидайықты – бидайықты, түлкіқұйрықты – бидайықты шалғындар кездеседі. Барып көрген кезде өсімдіктердің жалпы жобалық жамылғысы 50 – 60 пайыз құрады. Бұл көлтабандағы ерекше тұс ретінде Қараөзен ауылынан шығысқа қарай 3 километр

жерді бөліп көрсетуге болады. Қараөзен ауылдық округінің аумағында 3 гектар жерді алып жатыр. Ескерткіш түрі – ландшафты.

6. Үлкен көлтабан мекені батыс – солтүстік – батыс бағытынан оңтүстік – оңтүстік – батысқа қарай созыла орналасып, эрозионды – тектоникалық депрессия түрінде байқалады. Көлтабан хвалындік қызыл қоңыр саздақтар мен саздарда жатқан аздаған мөлшердегі көлтабандық шөгінді қабатында қалыптасқан. (Доскач, 1954). Қазіргі кезде ол кеуіп, қырқалармен бөлінген үлкен көлтабандардың тізбегін құрап жатыр. Рельеф онша терең емес өзектері бар жазықтықты болып келеді. Көлтабан ылдиды сырт бөлікпен қиылысатын Батыс Дюры өзенінің су қабылдағышы болып табылады. Өсімдік жамылғысында жалпы жобалық жамылғысы 50 – 60 пайыз шалғынды быршыған топырақтағы бидайықты шалғындар басым. Ал көзге түсетін құрамында жалаңаш мия, қара масақты қияқөлең, жатаған айрауық, су бидайық басым. Көлтабанның биіктеу жерлерін ескек еркек шөп пен жоңышқа қалыңдығы жапқан. А.З.Петренко (2001) ерекше көлтабан бөлігі ретінде Миронов ауылдық округінің аумағындағы Болашақ ауылынан оңтүстік – шығысқа қарай 2 километр жерде жатқан аумағы 2 гектарлық үлкен көлтабанның бөлігін ұсынады. Ескерткіш түрі – ландшафты.

7. Богатырев кешенді даласы. Далалық бөліктің рельефі тосқындар мен ұсақ төбешікті жазықтық. Кішігірім төбешіктерде ашық – қызғылт топырақтардағы төскейшөпті – бетегелі далалар басым. Сондай – ақ сортаң топырақтардағы Гмелин, Каспий кермегі мен қара жусан аралас ақ жусанды – қоңырбасты қауымдастықтар кездеседі.

Сайларда қызғылт және шалғынды – қызғылт топырақтардағы түрлі шөптесінді - спирилдер қауымдастығы басым өседі. Сайлардың диаметрі 12 метр және одан да үлкен болып, тереңдіктері 20 – 30 метрге жетеді. Бұл сайлардың биік баурайларын аздап сортаң қызғылт топырақтағы жоңышқа аралас ақ жусанды – бетегелі өсімдіктер жапқан. Сайлардың ортаңғы баурайларында қызғылт топыраққа өсетін ақ селеулі – шашақты – шисабақты

БАТЫС КАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ

өсімдіктер шоғыры жауып, ал сайдың түптері мен орталық бөліктерін шалғынды – қызғылт топырақтардағы бидайықты - сперилдер алабы басқан.

Неғұрлым терең сайлар мен қолаттардың өсімдік қауымдастықтарында түрлі шөптесін – сасырлы – сперилді өсімдіктер басым болып келіп, кейбір ойпаңдарда сперилдерге қоса шалғынды топырақтардағы итжүзім өскіндері болады. Бұл тұстағы кейбір жерлерде аумағы 50 гектарға дейін баратын көлтабан тектес үлкен сайлар кездеседі. Бұл көлтабандарды мия аралас бидайықты өсімдіктер басып, жиектеріне итжүзім өскен.

Болашақ ауылына жақындаған сайын мал шамадан тыс көп жайылғандықтан кешенді дала өзінің табиғи келбетін жоя түседі. Кешенді далалық бөліктер Болашақ ауылынан солтүстік – батысқа қарай 6 километр жерде орналасқан. Аумағы 200 гектар. Миронов ауылдық округінің аумағы. Ескерткіш түрі – ландшафты.

1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары

Рекреация – бұл сауықтыру, өмірді ұзарту, оның күш – қуаты мен рухани деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін әлеуметтік нәтижелердің кең ауқымын пайдалануға мүмкіндік ашатын табиғатты пайдаланудың ерекше түрі. Осы заманғы рекреациялық ландшафт адамның рекреациялық қызметінің табиғи тұтастыққа әсер етуі нәтижесінде қалыптастырылған аумақтық – рекреациялық жүйе тұрғысында қабылданады. Қазіргі кезде адамның денсаулығын, оның психологиялық және рухани күш – жігерін қалпына келтіру үшін табиғи ландшафт кеңінен пайдаланылады, демек рекреациялық ландшафт қолданылады.

Рекреациялық мүмкіндіктер дегеніміз, адам баласының күш - қуат, эстетикалық және танымдық жігерін қалпына келтіру үшін демалыс, ем және туризм мақсаттарында қолданылады. Рекреациялық ландшафт басқа да табиғи тұтастықтар сияқты аймақтың табиғи мұралары нысандарына жатады.

Табиғи жағдайдың сан алуандығы және ландшафтың эстетикалық сапасы, сондай – ақ ауданның климаттық көрсеткіштері рекреацияның көптеген түрлерінің дамуына қолайлы болып келеді. Жанға жайлы жыл мезгілінің ұзақтығы 70 – 72 күн болады. Суға түсетін маусымның ұзақтығы 85 күн шамасында.

Ауданның рекреациялық ландшафтарының негізгі түрлеріне және олардың географиялық орналасуына А.А.Чибилевтің (1966) әдістемесі бойынша қысқаша сипаттама жасалды. Казталовка ауданының ландшафтарына жасалынған талдаудың және аудан аумағы шегінде берілген эстетикалық ақпараттық баға негізінде мынадай рекреациялық ландшафтардың түрлерін ажыратып көрсетуге болады: далалық өзендер, Бальнеологиялық ресурсты рекреативтік нысандар, тың далалар дидары, далалық көлдер, тарихи – археологиялық ландшафты нысандар.

Ауданның Далалық өзендері негізінен алғанда суы аз, ағыссыз болып келіп, жаздың соңында кеуіп қалады. Оларға Үлкен және Кіші Өзен өзенінің орта және төменгі ағыстары мен Жәнібек ауданымен шакаралас Ащыөзек өзені және басқа кішігірім өзендер жатады. Бұл өзендердің арналары жазда ішінара кеуіп қалып, жекелеген көл тектес қара сулар тізбегін құрайды. Жер асты суларымен құнарланатын көл тектес иірімдер құнды рекреациялық су нысандары болып табылады. Олар жергілікті маңызы бар әуесқой балық аулау және сауықтыру мақсатындағы демалыс үшін пайдаланылады.

Бальнеологиялық ресурсты рекреативтік нысандар. Аудан аумағында айтарлықтай бальнеологиялық ресурстар бар. Оған табиғи емдік балшықтар мен шипалы сулары мол тұзды көлдердің кеңінен таралғандығы ықпал етсе керек.. Бальнеологиялық ресурстары бар нысандар ауданның оңтүстігі мен оңтүстік батысында кездеседі. Мұндай нысандарға Аралтөбе, Батпақ, Баяр және басқа кішігірім сор ойпаңдары жатады. Рекреациялық маңызы: сауықтыру демалысы және балшықпен емдеуді ұйымдастыру болып табылады. Аудан аумағында, әсіресе жазғы маусымдарда

қымыз бен шұбат өндірісіне қолайлы жағдай бар. Жазғы жайлымдарды жылқы мен түйе жаюға пайдалана отырып, олармен емдеуге де болады.

Тың далалар дидары. Жан баспаған ақ селеулі – бетегелі және шөптесін – дәнді өсімдікті далалық бөліктер аудан аумағында “кішкене аралдар” тақлеттес болып сақталған. Мұндай далалық бөліктер ауданның солтүстігіндегі және солтүстік батысындағы Кіші Өзен мен Ащыөзектің, Үлкен Өзен мен Шежін жайылмалары мекенінің өзен аралықтарындағы тегіс жазықтарында сақталған. Неғұрлым үлкен қызғылт топырақтағы далалық бөлік Тегісшыл – Қараоба жолының жанында ауданның солтүстік – батыс бөлігінде, сондай – ақ солтүстікте Оспан қыстағының айналасында жатыр. Табиғатты сүйетін кез – келген адам даланың жан баспаған бастапқы келбетінен рухани нәр алады. Әсіресе, даланың құлпырған көрінісін сәуір айының соңы мен мамыр айының бас кезінде байқауға болады. Даланың бұл бөліктерінен гүлдеген ақ селеудің толқыған ақ бурыл теңізі, жауқазынның ашық қызыл, сары түстері қосылғанда өсімдіктердің түрлі түсіне көмкерілген дала тербеліп тұрғандай болады. Дала дидарының бастапқы келбетінен адам баласы эстетикалық қуат алып, демалып, сондай – ақ фото – бейне түсірілімдер жасай алады.

Жағалауларына қамыс пен құрақ өскен шағын алаптар мен тайыз сулы жағалаулы далалық көлдер ауданда біркелкі көп таралған. Ең ірілері Балықты Сакрыл, Сарышығанақ және басқа көптеген кішігірім көлдер бар. Олардың аумақтары бірнеше гектардан жүздеген гектардан астам аумақтарға дейін қамтып жатады. Ал тереңдіктері негізінен алғанда онша шұңғыл емес, бірақ кейбір көлдерде ол 3 және одан да көп метрге дейін барады. Мұнда болашақта рұқсат етілген жерлерден спорттық мақсатта суда жүзетін жергілікті және жыл құстарын маусымдық аулауды ұйымдастыруға болады. Көлдің сондай – ақ жергілікті маңызы бар әуесқой балық аулауға және жазғы сауықтыру демалысына пайдасы мол.

Тарихи – ландшафт нысандары. Аудан аумағында бұл нысандар негізінен алғанда біздің заманымызға дейінгі және біздің заманымыздың бас кездеріндегі ежелгі обалар түрінде

болып келеді. Сондай – ақ облыс аумағы шегіндегі ең ежелгілерінің бірі болып табылатын қабір үсті құлпытасты зират кешендері кездеседі.

Тарихи – археологиялық ландшафт нысандарының оқуға, танымдық және ғылыми мүделерге пайдасы зор. Сондай – ақ археологиялық оқу лагерлерін ұйымдастыру үшін туристік маңызы бар.

Тұтастай алғанда Казталовка ауданының ландшафт әр алуандығы танымдық және ғылыми туризмді дамыту үшін зор қызығушылық туғызып отыр. Археологиялық және тарихи нысандардың, мәдениет ескерткіштерінің сан алуан үйлесімділігі демалыс индустриясын дамыту үшін зор мүмкіндік болып табылады.

Әдебиеттер және деректер тізімі:

1. Геозкологические проблемы степного региона. Екатеринбург, 2005.
2. Дебело П.В., Булатова К.Б. Животные Западно-Казахстанской области. Уральск, 1999. 212 с.
3. Доскач А.Г. К вопросу о бессточных впадинах и бессточных реках Волго-Уральского междуречья // Материалы по геоморфологии палеогеографии СССР. М., Изд-во АН СССР, 1954а. Вып. 62. С. 69-95.
4. Доскач А.Г. О генезисе рельефа Волго-Уральского междуречья / Материалы по геоморфологии и палеогеографии СССР. М.: Изд-во АН СССР, 1956. Т.69, вып.16. С. 5-35.
5. Котин Н.И. Почва Уральской области. Алмата, 1967. 348 с.
6. Междуречье Волга-Урала как объект орошения (в пределах Казахстана). – Алма-Ата: Наука, 1982. С. 61-83.
7. Москалев Г.Е., Таранов А.Г. Природа Уральской области. Изд-во Саратовского Госуниверситета, 1985.
8. Паршина В.П. Рекреационные ландшафты и ресурсы Оренбургской области. / Вопросы степеведения. Оренбург, 1999. С. 60-64.
9. Петренко А.З. и др. Зеленая книга Западно-Казахстанской области. Кадастр объектов природного наследия. Уральск, 2001. 220 с.
10. Петренко А.З. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998. 176 с.
11. Природа Уральской области и ее охрана. 1,2 ч. Уральск, 1991.
12. Рамазанов С.К., Ахмеденов К.М. Предварительный кадастр эталонов степных ландшафтов Западно-Казахстанской области. / Заповедное дело: проблемы охраны и экологической реставрации степных экосистем. Оренбург, 2004. с. 50-52.
13. Рамазанов С.К. Узлы экологического каркаса Западно-Казахстанской области и их роль в сохранении биологического и ландшафтного разнообразия. / Экологические проблемы заповедных территории России. Тольятти, 2003. с. 38-43.
14. Рамазанов С.К. Предварительная схема экологического каркаса Западно-Казахстанской области. /Современные проблемы геоэкологии и созологии. Алматы, Шартарап, 2001. с. 133-138.
15. Рамазанов С.К. Природное районирование Западно-Казахстанской области как основа для оценки биологического и ландшафтного разнообразия. / Образование и наука в современных условиях развития Казахстана: опыт проблемы и перспективы. Материалы научно-практической конференции, посвященной 70- летию ЗКГУ. Уральск, 2002. с. 189-190.
16. Рамазанов С.К., Терещенко Т.А., Абдушева Г.Ж. Рекреационные ландшафты Западно-Казахстанской области. / Развитие народного хозяйства в Западном Казахстане: потенциал, проблемы и перспективы. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию ЗКАТУ. Уральск, 2003. с. 121-122.
17. Рамазанов С.К. Природно-ресурсный потенциал Западно-Казахстанской области для развития туризма. / Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 3. Уральск, 2004. с.360-364.
18. Чибилев А.А. Атлас природного наследия Оренбургской области. Оренбург, 2003. 60 с.
19. Чибилев А.А., Дебело П.В. Ландшафты Урало-Каспийского региона. Оренбург, 2006. 264 с.
20. Чибилев А.А., Дебело П.В., Рамазанов С.К. Природное районирование Заволжско-Тургайского степного субрегиона как основа для оценки его природно-ресурсного потенциала, биологического и ландшафтного разнообразия. / Биоразнообразие и биоресурсы Урала и сопредельных территорий. Материалы международной конференций. Оренбург, 2001. с. 378-380.
21. Чибилев А.А. Природное наследия Оренбургской области. Оренбург, 1996.
22. Чибилев А.А. Стратегия сохранения природного разнообразия в российско-казахстанском приграничном регионе. / Заповедное дело, Москва, 1999. Вып. 4. с. 116-123.
23. Чибилев А.А. Река Урал. Ленинград, 1987.
24. Энциклопедия "Оренбуржье", том 1, Оренбург, 2000. 160 с.



ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРАСЫ



КАЗТАЛОВ АУДАНЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ



ЕКІНШІ БӨЛІМ ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРАСЫ

2.1 Археология ескерткіштеріне сипаттама

Қазір Казталовка ауданының аумағында 160 археология ескерткіші анықталып, есепке қойылған.

Ауданды археологиялық зерттеудің тарихының бастауы XIX ғасырдың соңынан басталып, Москва университетінің профессоры, антрополог Алексей Харузиннің қызметімен байланыстырылады. 1889 – 1890 жылдары Батыс Қазақстанда ол Бөкей Ордасы өңірінде 22 обаға, оның ішінде Таловка (қазіргі Казталовка) кентінің қасындағы 3 обаға қазба жұмыстарын жүргізді.

1925 – 27 жылдары “Қазақстан тарихын зерттеу қоғамы” Саратов университетінің және Саратов облыстық мұражайының оқымыстыларымен бірге археологиялық экспедиция ұйымдастырып, Кіші және Үлкен Өзендердің орта ағысының тұстарын зерттеді. Экспедиция профессор П.С.Рыковтың басшылығымен 18 нысанды зерттеп, алынған материалдардың негізінде осы өңірдің мәдениет ескерткіштерінің хронологиясының тарихи ауқымын айқындады және бірқатар маңызды қорытындылар жасады. Олардың ең бастыларының бірі Волга мен Орал өзендерінің аралығы қола дәуірінің, нақты айтқанда қима мәдениеттің, сондай – ақ савромат – сармат дәуірінің (біздің заманымызға дейінгі VII біздің заманымыздың IV ғасырлары) дәуірінің ескерткіштері орналасқан аудан деген тұжырым жасалғандығы болды. Бұл аймақта орналасқан ең ежелгі ескерткіштер П.С.Рыковтың пікірінше біздің заманымыздың X – XV көшпелі қоғамына жатады.

Ауданды археологиялық зерттеудің келесі кезеңі өзінің бастауын соғыстан кейінгі жылдардан алады.


1948 – 50 жылдары Кіші және Үлкен өзендердің орта және төменгі ағыстарының тұстарына Саратов университеті

экспедиция ұйымдастырып, жалпы ұзындығы 250 километрге созылатын аумақта археологияның жаңа ескерткіштерін анықтау мақсатында археологиялық барлау жүргізді. Өкінішке орай материалдардың бір бөлігі жоғалып кетіп, экспедицияның басшысы И.В.Синициннің есебінде табылған ескерткіштердің нақты саны көрсетілмеді.

1953 жылы Орал – Көшім суландыру жүйесінің жобалануына және “Волга – Орал” каналының жобасы жасалуына байланысты Т.Н.Сенигованың басшылығымен Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып, оған тұңғыш рет Орал педагогикалық институтының студенттері де қатысты. Экспедиция Қараоба қорымындағы 8 обаны зерттеді. Олар қазған обалардың негізгі бөлігінде оңтүстік жағынан опырылып және солтүстігіне неғұрлым құламалы болып келетін жайылған пішіндегі үйінді топырақтар болды. Обалардың беткі жақтарын ұсақ бұташықты есімдіктер мен жусан өскіндері жапқан. Төмпешіктің диаметрі – 12 ден 30 метрге дейін, биіктігі 40 сантиметрден 2,5 метрге дейін барады. Зерттеу барысында барлық обалар да сармат мәдениетіне жататындығы анықталды.

1970 – 1971 жылдары халық депутаттары Орал облыстық Кеңесі атқару комитетінің шешімімен жобалау нысандары зоналарындағы материалдық мәдениет ескерткіштеріне барлау және қазба жұмыстарын жүргізу үшін археологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Осындай аудандардың бірі Кіші және Үлкен Өзен өзендерінде гидротехникалық құрылғылар құрылыстырын салу зонасы болып табылады.

1974 – 75 жылдары Казталовка ауданының оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан Қарасу обалар кешені зерттелді. Мұнда 22 оба зерттелді.



1976 жылы доцент Г.А.Кушаевтің басшылығымен Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы жасақталып, гидрожелі құрылысының зонасына тап болған Қособа, Мамай I, Балықты Сакрыл I, II, III кешендерінде археологиялық зерттеулер жүргізді.

Қособа кешені құрылыс аймағының солтүстік бөлігінде, Көктерек ауылынан оңтүстікке қарай 2,5 – 3 километр орналасқан. Осында Қособа деп аталатын оба кешендері Батыс Қазақстан облысының көптеген аудандарында бар. Аталған археологиялық ескерткіш айналаға анық көрініп тұратын үш үлкен дөңес төмпешік пішінінде байқалады. Олар Көктерек ауылынан Жұлдыз ауылына бара жатқан жолдың батыс жағынан су айрығының бойымен өтетін Кіші өзеннің бұрылысы мен арнасынан 1 – 1,5 километр жерде. Осы аудандағы су айрығының желісі Кіші өзен өзеннің сол жағалауы мен Көктерек ауылы мен Жұлдыз ауылы аралығындағы грейдерлік жолдың аралығынан солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді. Бұл жердегі үлкен оба төмпешіктерінің орналасуында айрықша жүйе байқалған жоқ. Үш үлкен обаның екеуі қорым алабының ең қиыр солтүстік шетінде, ал үшіншісі – 150 – 170 метр оңтүстікке қарай орналасқан. Бұл үш төмпешік өздіктерінше үшбұрыш жасап жатқандай. Солтүстік жақтағы екі төбешіктің іргесін айнала орлар қоршап жатыр. Батыс жақтағы ең шеткі обаның шығыс, солтүстік және батыс жақтарыда жарты ай түрінде орналасқан 5 тосқын бар. Бұл обаның диаметрі 34 метр, биіктігі 1,2 метр.

Екіншісі біріншісінен шығысқа қарай 30 – 35 метр жерде орналасқан. Оның дөңес пішіндегі үйіндісінің биіктігі 2 метрге, диаметрі 60 метрге дейін барады. Үйінді топырақтың іргесінен айнала қалың шөп өсіп, жалпақтығы 6 метрге және биіктігі 0,3 метрге дейін баратын ор анық байқалады. Аталған обаның төбесінде әрең байқалатын тапау бар.

Үшінші үлкен оба бастапқы екеуінен оңтүстікке қарай, екінші үлкен обамен солтүстік – оңтүстік бағдарында қатарласа дерлік жатыр. Оның диаметрі – 48, биіктігі 1,5 метр. Төмпешіктің айналасында ордың ешқандай ізі мен белгісі байқалмайды. Қатарласа жатқан бұл екі төбенің шығыс жағынан ауыл арасындағы жол өтіп, олардың ар жағында


оңтүстік – шығыс бағытында үздік – создық желі құрай тағы кішігірім 14 оба үйіндісі жатыр. Мұнан басқа осында тағы бір шаршы құрылғы – үлкен көлемдегі құрбандық орыны табылды.

Шағын көлемде тізбектеле созылып жатқан обалар 500 метрге дейін барады. Солтүстік – батыс соңында іргесін айналдыра анық білінетін орлармен қоршап тастаған сопақша пішіндегі, бір жайпақ оба орналасқан. Оның шығысына қарай 10 метр жерде ұзын қапталдарымен оңтүстіктен солтүстікке қарай бағдарланған тік бұрышты пішіндегі құрбандық құрылғысы биіктігі 0,6 метрге дейін жететін жал түрінде жатыр. Солтүстік – оңтүстік қапталдарының ұзындығы 70 метр, батыс – шығыс қапталдарының ұзындығы 45 метр, жалдың биіктігі 0,6 метр. Құрылғының ішкі алаңы тегіс, айналадағы жерлерден аздап қана биіктеу. Ұзын қапталдың орта тұсында жалдың биіктігі 10 метр, бұрыштарында 15 метрге дейін жетеді. Ішкі алаңды қараған кезде ешқандай зат табылған жоқ.

Қособа қорымының қалған обалары қорым алабының оңтүстік – шығыс жақ соңына қарай топтасқан. Төбелердің биіктігі 8 ден 25 метрге дейін өзгеріп отырады. Қорымның бұл бөлігіндегі дөңес оба төбешігінің іргелерін айналдыра орлар бар. Қалғандарында жоқ.

Орлары бар обалар сопақша үйінді пішінінде болып келіп, айналадағы жерлерден қиын ажыратылады. Ал қалғандары үстіңгі жақтарына сирек кездесетін өсімдіктер өсіп, сары үйінді төбешіктері анық білініп жатады. Бір төбешіктің айналасында үш бұрыштала орналасқан үш тосқын бар.

Могильник Кос - оба. Курган № 19



1978 жылы Қособа кешеніндегі № 2, 3, 4, 5, 6 обалар қазылды. Олардың ішінде № 2 оба тік бұрышты құрылғының батыс жағына орналасқан. Оның сопақша үйінді топырағы және іргесін айналдыра орлары болды. Қалған 4 обаның сары үйінді төбешіктері анық білініп. Олардың барлығы қорым алабының батыс шетінде орналасқан.

1979 жылы Қособадағы қазба жұмыстары одан әрі жалғасты. Тағы да 7 оба (№8,9,10,11,12,13,14,15,16,19) қазылып, мерзімдері түрлі кезеңдерге жататын 19 қабір шұқыры табылды. Мамай қорымында 2 оба (12,13) қазылып, екі қабір шұқыры табылып, олардың әрқайысынан ежелгі және дамыған орта ғасырлық жерленімдер ашылды.

Қособа кешенінде қола дәуірінен басталып Алтын Орда дәуірімен аяқталатын тайпалардың тарихын сипаттайтын 12 оба қазылды.

Екінші, шартты түрде “Мамай” деп аталатын оба кешені Көктерек ауылынан оңтүстікке қарай 5 километр және “Жұлдыз” кеңшарынан солтүстікке қарай, жергілікті жұртқа “Мамай” атымен танымал Кіші Өзен өзені арқылы өтетін ежелгі мүйіс Мамаев гидрожелісінің бас құрылғысынан 7 метр жерде орналасқан.

Қорым алабы батыстан шығысқа қарай 800 метр және солтүстіктен оңтүстікке қарай 180 метрге созылып жатыр. Қорым 10 обадан тұрады және біреуі құрбандық шалатын орнын шаршы жобада.

Обалардың үйінділері сары, тегіс, сопақша, іргесін айналдыра білінер – білінбес орлармен қоршалған және бір ғана ең үлкен шығыс жағындағысының диаметрі 50 метр және биіктігі 2,8 метрлік анық білінетін дөңес үйіндісі бар. Қалған оба қорымдарының диаметрлері 20 метрден 30 метрге, биіктіктері 0,3 метрден 1,5 метрге дейін жетеді.



Төбешіктердің орналасуының мынандай өзіндік ерекшеліктері бар. Шығыстан бастап ең үлкен оба орналасқан. Оның қақ төбесінде араб мәтінінде жазылып, 1957 жылы жерленгендігі жөніндегі мезгілі көрсетілген табыт үсті бағанасы бар. Осы төбешіктен оңтүстік шығысқа қарай 100 метр жерде бағаналары бар кейінгі қазақ мәйіттері, сондай – ақ оба тектес төбелер (шамасы алтынордалық болуы ықтимал) жатыр.

Осы үлкен обадан 120 метр жерде негізгі оба сұлбасы басталады. Обалардың жалпы тобынанан шығысқа қарай 2 оба орналасқан. Бұл обалардан батысқа қарай дұрыс тізбек құрамай орналасқан 4 оба үйіндісі жатыр. Оған биіктігі 30 сантиметрге, ені 10 метрге дейін жетіп, оңтүстік жағынан “кіретін тұс” жарылған шаршы пішіндегі бір құрбандық орыны кіреді. Осы топтан батысқа қарай 50 метр жердегі жағалаудың жанындағы ауыл арасындағы жолдың қасында жартылай дөңес үйіндісі анық білінетін 10 – шы оба орналасқан.


Құрбандық орынының батыс жағында орналасқан біреуінен басқа оба үйінділерінде тонау белгілері болған жоқ.

Мамай I қорымынан 11 оба қазылып, полтава мәдениетіне қатысты жерленім табылды. Мамай қорымындағы сармат мәдениетінің обалары кейінгі кезеңдердің жерленімдері болып шықты.

Сакрыл I, II, III обалар кешені.

1979 жылы Балықты Сакрыл көлінің базасында қуатты гидротехникалық құрылғы мен су қоймасының құрылысы

Могильник Мамай. Курган № 3




жүргізілуіне су басатын аумаққа жатқызылған әжептәуір аумаққа жағалаудың оңтүстік, шығыс және солтүстік – шығыс бөліктеріне шағын барлау жүргізілді.


Барлау жұмыстарының барысында көптеген жаңа ескерткіштердің тұтастай легі анықталды. Бұлар – оңтүстік жағалаудағы жеке тұрған обалар, шығыс және солтүстік шығыстағы жағалаудың жандарында да, одан 2 – 3 километр алысырақтағы қырқаларда да орналасқан бірнеше дербес обалар мен қорымдар тобы. Қорым алабы солтүстік – шығыстан оңтүстік – батысқа қарай 1100 метрге, солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 метрге созылып, екі оба тобы түрінде байқалады.

Қорым алабының оңтүстік – батыс жақ соңында

Могильник Сакрыл I Курган №2



Курган № 4



Курган № 5

диаметрлері 10 - нан 40 метрге дейін, биіктіктері 0,3 – тен 1 метрге дейінгі 14 оба үйінділері орналасқан. 6 обаның айналасында қалың шөп өскен орлар бар. Ал қалғандары орыс. Орталық обалардың бірінде үлкен ойық бар. Екінші топ біріншіден солтүстік – батысқа қарай 120 – 140 метр жерде орналасқан және тізбектеле созылып жатқан 13 төбешік түрінде байқалады. Аталған топтағы, оның орталық бөлігінде орналасқан 4 обаның іргесін айналдыра орлар бар, қалғандарында жоқ. Төбешіктердің көлемдері шамалас, бірақ үлкен төбешіктер көбірек. Жоғарыда жазылған екі обалар тобы Сакрыл I кешені аталған.

1979 жылы Оңтүстік – батыс обалар тобында 8 оба (2,3,4,5,6,7,8, және 9) зерттелді. Зерттелген 8 обаның № 9 ғана бітеу болып, қалғандарынан көмбелер табылды. Сакрыл I – ден батысқа қарай көлдің нағыз жағалауында 20 шақты обадан құралып, жағалаулық белдіктің жанын бойлай созылып жатқан II кешен орналасқан. Жалпы алғанда Сакрыл I, II, және III обаларынан 24 оба қазылды. Сакрылдегі барлық үш кешенде біздің заманымызға дейінгі V ғасырдан бастап біздің заманымыздың XII ғасырына дейінгі жерленімдер сақталған.

Сөйтіп, Казталовка ауданының аумағында ежелгі уақыттардың мәдени мұраларын зерттеуде 70-ші жылдар неғұрлым жемісті кезең болды. Ал осы уақыттарда археологтар жаңадан үлкен кешендер тауып, олардың бір бөлігіне тікелей қазба жұмыстаран жүргізді. Алынған материалдар тарихшылардың сармат және кейінгі көшпенділердің уақыттарындағы мәдениеті туралы ұғымдарын айтарлықтай кеңейтті. Мұнан кейінгі жылдары ауданда зерттеулер жүргізілген жоқ.

Казталовка ауданын зерттеудің жаңа кезеңі Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының құрылуымен байланысты болып келеді. Аталған орталықтың қызметкерлері 2003 – 2008 жылдары ауданның барлық аумағында барлау экспедициясын жүргізді. Нәтижесінде тағы да 46 бұрын мәлім болмаған археология ескерткіштері анықталды. Кейінгі жылдары аудан аумағында қазба жұмыстары жүргізілген жоқ.

2.2. Археологиялық ескерткіштер

1. Шильная балка I

оба қорымы. Осы аттас ауылдан оңтүстік – батысқа қарай 3 километр және Тасқала – Богатырев тас жолынан батысқа қарай 30 метр жерде орналасқан. Солтүстік – батыстан оңтүстік – шығысқа қарай созылып жатыр.

Мынадай аумақтардағы 5 обадан тұрады: № 1 - 1 – 25 метр, № 2 – 1,5 – 30 метр, № 3 – 1 – 30 метр, № 4 – 1,5 – 20 метр, № 5 – 0,5 – 15 метр. № 1 оба төбенің ортасында, ал № 4 обаның шығыс жақ етегінде тонаушылар қазған шұңқыр, сондай-ақ айналдыра орлар бар. Батысқа қарай 250 метр және шығысқа қарай 50 метр жерден электр қуатын тасымалдайтын желі өтеді.

2. Шильная балка II оба қорымы. Осы аттас ауылдан оңтүстік – батысқа қарай 5 километр жерде орналасқан. Екі жер төбешіктен тұрады. Аумақтары: № 1 – 1,5 – 20 метр, № 2 – 2 – 28 метр.

3. Шильная балка III оба қорымы. Осы аттас ауылдан оңтүстік – батысқа қарай 6 километр жерде орналасқан. Мынадай көлемдегі 4 жер төбешіктен тұрады: № 1 – 1,5 – 15 метр, № 2 – 1 – 20 метр, № 3 – 1 – 16 метр, № 4 - 1 – 14 метр.

